

Республиканский сайт для
работников образования



Bilim berý qyzmetkerlerine
arnalğan respýblikalyq saıt



Bilim. Ğylym. Innovatsiia

Respýblikalyq internet jýrnal

Республиканский научно-методический интернет-журнал
Республикалық ғылыми-әдістемелік интернет-журналы

Қазан/2022

Октябрь/2022

Шығарылым №34
Выпуск №34



ISSN 2663-3345



«Bilim. G'lym. Innovatsiya» республикалық ғылыми-әдістемелік интернет-журналында материалдарды жариялау бойынша сұрақтар келесі электрондық пошта арқылы қабылданады: zhurnal.kazan@inbox.ru

Толық ақпаратты сайттан көре аласыз: <http://qazan.info>

Вопросы по публикации материалов в республиканском научно-методическом интернет-журнале «Образование. Наука. Инновация» принимаются по электронной почте: zhurnal.kazan@inbox.ru

Подробнее на сайте: <http://qazan.info>

Журнал форматы: электронды

Басылымның кезенділігі: ай сайын

Материалдарды жариялау тілі: орыс, қазақ, ағылшын

Материалдарды қабылдау: әр айдың 25-не дейін

Журналдың жариялануы: әр айдың 3-ші күні.

Формат журналы: электронный

Периодичность издания: ежемесячно

Язык публикации материалов: русский, казахский, английский

Прием материалов: до 25 числа каждого месяца

Публикация журнала: 3-й день каждого месяца.

Меншік иесі: Собственник:
ИП «АБИШЕВ АЛМАС ЭРЛАНОВИЧ» ЖК
Главный редактор Бас редактор:
Абишев А.Э.
Мекен жайы: Адрес:
Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы
Республика Казахстан, Костанайская область
Байланыс: **Контакты:**
qazan2019@mail.ru, 8-705-229-31-37 WhatsApp

Республиканский научно-методический интернет журнал «Bilim. G'lym. Innovatsiya» зарегистрирован в Международном центре по регистрации серийных изданий ISSN (ЮНЕСКО, г. Париж, Франция). Регистрационный номер: **ISSN 2663-3345**.

Министерство информации и коммуникаций Республики Казахстан, Комитет информации. Выдано свидетельство о постановке на учет, переучет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания № 17509-СИ.

«Bilim. G'lym. Innovatsiya» республикалық ғылыми-әдістемелік интернет журналы сериялық басылымдарды тіркеу жөніндегі халықаралық орталықта ISSN (ЮНЕСКО, Париж қ., Франция) тіркелген. **Тіркеу нөмері: ISSN 2663-3345**.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі, Ақпарат комитеті. Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы куәлігі № 17509-СИ берілген.



Мазмұны:/Содержание:

1	Битабарова Х.И. «Химия пәнінен дидактикалық тапсырмалар»	4
2	Тумарбаева М.З. «Құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие»	9
3	Жасымбекова А.Р. «Химия сабағындағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру»	11
4	Нуримова А.Н. «Использование информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) на уроках информатики как средство повышения качества знаний учащихся»	16
5	Сасыкова А.Р. «Новая концепция обучения в глобальном мире»	19
6	Конырбаева А.Б. «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың отбасын сүйемелдеу»	23
7	Бекбергенова Ж.Т. «Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі»	25
8	Келдибаева Б.О. ««Шоқан Уәлихановтың қоғамдық қызметі» тақырыбын мектепте оқыту әдістемесі»	27
9	Жумабекова Г.Б. ««Рухани жаңғыру» - Мәңгілік елдің болашағы»»	30
10	Насимова Г.Т., Гайсина А.Ж. «Біз қауіпсіз балалық шақ үшін»	32
11	Жустова Н.А. «Рекомендации педагогам, работающим в инклюзивных классах с наличием детей с нарушением зрения (категория слабовидящие учащиеся)»	35
12	Шаймарданова А.О. «Қош келдің, Наурыз!»	38
13	Дюсембаева А.С. «Мен заманауи сынып жетекшімін»	41
14	Дюсембаева А.С. «Кейіпкерлер дайындау»	44
15	Жанбауова А.И. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілетін дамытуда «ертегі терапиясы» әдісінің маңызы»	47
16	Нуржанова Г.А. «Моё имя, моя семья»	52
17	Нурбекова А.К. «Қоршау»	55
18	Жәдігерова Г.Қ. «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыру»	57
19	Кайрошева С.Т. «Бала тәрбиесіндегі балабақшаның рөлі»	61
20	Тасимова А.Б. «Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы»	64
21	Сагитова И.Ф. «Роль классного руководителя в воспитании и развитии детского коллектива»	66
22	Бекенова А.Н. «Мамандық таңдау-маңызды іс»	69





Битабарова Хадиша Исабековна

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, «Көктөбе» ауылы
«М.Мақатаев атындағы №47 жалпы орта мектебі»КММ
Химия пәнінің мұғалімі

Химия пәнінен дидактикалық тапсырмалар

I-тапсырма: Сұрақ-жауап.

1. Периодтық заңның қазіргі анықтамасы.
2. Периодтық жүйенің құрылысы .
3. Атом құрылымы
4. Периодтық заңының маңызы.
5. Химиялық элементтерді сипаттау.

II-тапсырма: тест сұрақтары.

1. $1s^2, 2s^2, 2p^6, 3s^2, 3p^5$ электрондық формула сәйкес келетін элемент
А) оттегі В) күкірт С) аргон D) фосфор E) хлор
2. Қышқылға тән диссоциациялану теңдеуі
A) $Na^+ + HSO_4^-$ B) $NH_4^+ + OH^-$ C) $H^+ + Cl^-$ D) $Mg^{2+} + 2Cl^-$ E) $Na^+ + OH^-$
- 3 . Ядросында протон саны бірдей, массалары әр түрлі атомдар
A) гомологтар B) изомерлер C) изотоптар D) цис-трансизомерлер E) изобарлар
- 4 . Иондық тор түзбейтін зат:
A) натрий гидроксиді. B) күкірт қышқылы. C) магний оксиді.
D) мыс (II) сульфаты. E) калий ацетат.
5. Су тектік байланыс:
A) сутектің молекулалары арасында пайда болады.
B) су молекулалары арасында пайда болады.
C) метанның молекулалары арасында пайда болады.
D) көмірқышқыл газының молекулалары арасында пайда болады.
E) иіс газының молекулалары арасында пайда болады.

III-тапсырма. Жауабы. 1- кесте бойынша

I. Периодтық заңның төменде келтірілген анықтамаларының қайсысы дұрыс ?

1. Элементтер мен оның қосылыстарының қасиеттері валенттілікке периодты тәуелді болады;
2. Қосылыстардың қасиеттері заттың құрамы тәуелді болады;
3. Күрделі заттардың қасиеттері ол заттардың мөлшерлеріне байланысты
4. Химиялық элементтер мен олар түзетін қарапайым және күрделі заттардың қасиеттері элементтер атомдарының массасына периодты түрде тәуелді болады.

I-тапсырма.Кестені толтыру.

1. Периодтық жүйені пайдаланып, мына элементтерді:
а) кальций;
ә) көміртек
б) хлор



в) мырышты

сипаттап, берілген кестені толтырыңдар:

Химиялық элемент таңбасы	Реттік нөмірі	Ar	периоды	тобы	топшасы	Оксидінің (жоғары оксидінің формуласы)
Ca	20	40	4	II	негізгі	CaO

2. №4 және №7 элементтерді төмендегі жоспар бойынша сипаттаңдар:

1. Периодтық жүйедегі орны (период, топ, топшасы).

2. Атом құрылысы (атом құрылысы, электрондық формуласы мен ұяшыққа орналасуы).

3. Тотығу-тотықсыздану қасиеттері.

4. Қосылыстары мен олардың сипаттамасы.

5. Табиғатта таралуы.

I-тапсырма. Сұрақ-жауап.

1. Органикалық заттар қатыса жүретін реакцияларды қалай жіктеуге болады?

2. Органикалық қосылыс молекуласында, негізгінен, химиялық байланыстыңқай түрі болады және олар қалай үзіледі?

3. Коваленттік байланыс қалай түзіледі? Бромсутек молекуласы электрондарының суретін салып, коваленттік байланыстың түзілуін және үзілуін түсіндіріп беріңдер.

4. Бром молекуласы мысалында коваленттік байланыстың гомолитті және гетеролитті үзілуіне мысалдар келтіріңдер.

5. Реакциялардың жіктелуі.

II-тапсырма. Өзіндік жұмыс.


I-деңгей.

1. Органикалық химиядағы орынбасу реакциясының бей органикалық химиядағы орынбасу реакциясынан ерекшелігі қандай? Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстырып, мысалдар келтіріп түсіндіріңдер.


II-деңгей.

1. Төменде теңдеулері келтірілген реакцияларды жіктеп, химиялық реакциялардың қай түрлеріне жататындарың түсіндіріңдер


1) 2-метилпентанның 2,2-диметилбутанға айналуы:




2) пропеннен пропил спиртінің түзілуі:



3) Хлорметанның дихлорметанға айналуы:



4) Этанолдан этиленнің алынуы:



III-тапсырма. Кесте толтыру.

Органикалық реакцияларды химиялық айналулардың түріне байланысты сипаттайтын берілген кестені толтырыңдар.




№	Химиялық реакция типтері	Химиялық реакцияның мысалы
1	Орынбасу	
2	Қосылу	
3	Айырылу	
4	Тотығу	
5	Изомерлену	
6	Полимерлену	

I-тапсырма. Сұрақ-жауап.

1. Көмірсутектілердің жіктелуі.
2. Құрамына қарай жіктелуі.
3. Құрылысына қарай жіктелуі.
4. Номенклатура түрлері: тарихи, рационалды және халықаралық.
5. Молекулалық формулалары келтірілген қосылыстардың ішінен: C_2H_6 , CH_3Cl , C_8H_{10} , C_6H_6 , CH_2Cl_2 , $CHCl_3$, CCl_4 , C_8H_{16} , C_9H_{20} , CH_3OH алкандардың формулаларын теріп жазып, оларды атаңдар.
6. Органикалық заттардың құрамына қандай элемент атомдары кіреді?
7. Сапалық құрамы бойынша органикалық заттар қалай жіктеледі?
8. Органикалық қосылыстар құрылыстарына байланысты қалай топталады және әр топтағы заттардың көміртек атомдары өзара қалай жалғасады?
9. Төменде келтірілген заттардың ішінен көмірсутектердің формулаларын теріп жазыңдар: CH_3Cl , CH_4 , C_2H_2 , C_2H_4 , $C_{20}H_{42}$, CH_2Cl_2 , $CHCl_3$, CCl_4 , C_4H_8 , C_6H_6 , C_8H_8 , $C_{17}H_{36}$, $C_{10}H_{22}$, CH_3OH .

II-тапсырма. Кесте толтыру.

1. Көмірсутектердің құрамындағы химиялық байланыстың түріне (дара және еселі) қарай қалай жіктелетінін көрсететін мына сызбанұсқаны толтырыңдар:



2. Берілген кестені толтырып көмірсутектердің әр класының ең кіші өкілінің мысалдарын келтіріңдер:

Көмірсутектің класы	Жалпы формуласы	Молекулалық формуласы	Ықшамдалған құрылым формуласы
Алкандар			
Циклоалкандар			
Алкендер			
Алкадиендер			
Алкиндер			
Арендер			

I-тапсырма. Сұрақ-жауап.

1. Алкандар жайлы ұғымдар.
2. Алкандардың изомерлері мен атаулары.



3. Көмірсутектерді атауға, формула құа білуге үйрену, жаттығу жұмыстарын орындау.
4. Метан молекуласы құрылысының ерекшелігі неде?
5. Метан молекуласындағы байланыстың берік болу себебі неде?
6. Көміртек атомдарының ара тістес құрылысты болып орналасуын электрондық теория тұрғысынан түсіндіріңдер.
7. Органикалық заттардың қандай түрлері болады?
8. Изомерлер, гомологтар деп қандай заттарды атайды?
9. Қаныққан көмірсутектерге қандай изомерлер тән?

II-тапсырма. Кесте толтыру.

1. Алкандардың гомологтық қатарын сипаттайтын берілген кестені толтырыңдар:

Құрамындағы көміртек атомының саны	Молекулалық формуласы	Атауы	Агрегат күйі	Тізбекті изомерінің ықшамдалған құрылым формуласы
C ₁				
C ₂				
C ₃				
C ₄				
C ₆				
C ₆				
C ₇				a»

2. Изомерлер мен гомологтар туралы түсініктерді салыстырып келесі кестені толтырыңдар. Бос орындарға "бірдей", "үқсас", "әр түрлі" деген сөздерді жазыңдар.

Р/н	Түсінік	Гомологтар	Изомерлер
1.	Сапалық құрамы		
2.	Сандық құрамы		
3.	Химиялық құрылысы		
4.	Химиялық қасиеттері		

III-тапсырма. Өзіндік жұмысы.


I-деңгей

1. Мына көмірсутектердің графиктік формуласын жазып, рационалды номенклатура бойынша атаңдар:

- 2,3-диметилбутан,
- 2,2,3,3-тетраметилгексан,
- 2,2-диметил-3,3-диэтилгексан,
- 3,3-диметил-4-изопропил-4-хлоргексан,
- 2,3,4-триметил-3-метоэтилгексан.

II-деңгей

1. Құрылым формулалары келтірілген қосылыстарды халықаралық атау жүйесі бойынша атаңдар және біріншілік, екіншілік, үшіншілік, төртіншілік көміртек атомдарын тауып көрсетіңдер:




2. а) 2,2,3-триметилбутан; ә) 2,3-диметилбутан, б) 2,2,5,2-тетраметилгексан, в) 2,3,4-триметил-3-этилгексан, г) 2,6-диметил-3,5-диэтил-4-пропилгептан.
формулаларын құрастыру

III-деңгей

1. Темендегі құрылым формулалары бойынша келтірілген қосылыстарды атап, берілген заттардың ішінен изомерлерді табыңдар. Ол үшін өуелі олардың молекулалық формуласын таиқан жөн:



2. Формулалары келтірілген заттарды халықаралық атаулар жүйесі бойынша атап іштерінен қайсылары өзара изомер, қайсылары гомологтар екенін табыңдар:



3. Берілген заттардың атаулары бойынша құрылым формулаларын жазыңдар:

- а) н-гексан, ә) 2-метилбутан,
 б) 2,3-диметилпентан,
 в) 2,2-диметилбутан.

IV-тапсырма. Жауабы 1- кесте бойынша.

I. Қаныққан көмірсутектер не алкандар деп:

- 1) көміртек пен сутегінен тұратын, сутегін және басқа да элементтерді қосып алатын қосылыстар;
- 2) табиғатта кездесетін газ тәрізді қосылыстар;
- 3) молекуласында барлық көміртек пен сутектің валенттіліктері толық қаныққан;
- 4) мұнайды өндегенде алынатын сұйық фракция.

V-тапсырма. Тест жұмысы. (3-сұрақ)

2. Алкандардың жалпы формуласы:

- A) C_nH_{2n} ; B) $\text{C}_n\text{H}_{2n-2}$; C) $\text{C}_n\text{H}_{2n+2}$; D) $\text{C}_n\text{H}_{2n-6}$;

3. Алкандардың гомологтық қатарына жататын көмірсутек:

- A) C_6H_6 ; B) C_6H_{14} ; C) C_6H_{10} ; D) C_6H_{12} ;

Молекуласында сутектің 14 атомы болатын алкан:

- A) гексан; B) гептан; C) октан; D) пентан.





Тумарбаева Меиз Зарыкбековна
*Қарағанды облысы білім басқармасының
Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«№27 ЖББМ» КММ
бастауыш сынып мұғалімі*

Құндылықтарға негізделген білім мен тәрбие

Қазақстанда білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты елдегі барлық мектептердің құндылықтары мен мақсаттарын анықтай отырып, мектеп жұмысының шеңберін белгілейді. Қазақстан негізгі орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар: қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек пен шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу. Былайша айтқанда, ЭЫДҰ елдерінің негізгі орта білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларына енгізілген 39 құндылықтың алтауы Қазақстанда енгізілген.

Мысалы, Финляндияда жергілікті оқу бағдарламалары жергілікті аспектілерге назар аудара отырып, ұлттық негізгі оқу бағдарламасын толықтырады. Білім берушілер, муниципалитеттер және жеке білім берушілер ұлттық негізгі оқу бағдарламасына негізделген жергілікті оқу бағдарламалары мен жылдық жоспарларды жасайды. Жергілікті оқу бағдарламалары жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, мақсаттарды, негізгі мазмұнды және оқытуға байланысты басқа аспектілерді толықтырады. Оқушылардың қажеттіліктері, жергілікті ерекшеліктер, сондай-ақ өзін-өзі бағалау және дамыту бойынша жұмыс нәтижелері ескеріледі.

Бүгінгі күні Финляндия бұл тәжірибелерімен басқа мемлекеттермен бөлісуде. Көріп отырғанымыздай, біздің де білім жүйесінің негізгі субъектісі – оқушы. Білім беру жүйесі оқушыны қоғамның мүшесі ретінде қарастыратын, жоғарыдағы белгіленген құндылық тіректеріне негізделген. Әр мектеп өзінің еңбек мәдениетін және оқу қауымдастығы ретінде жұмыс істеуін осы құндылықтарға негіздейді деп күтілуде. Бүгінгі күні біздің әр оқушымыздың бірегейлігі, жақсы білім алу құқығы, құндылығы – әр оқушының өз болмысымен ерекше және құнды екендігіне негізделген. Әр оқушы адам ретінде және қоғам мүшесі ретінде өзінің әлеуетін толық ашуға құқылы.

Қазіргі білім беру жүйесін әр оқушыдан білімді адам және белсенді азамат қалыптастыру құндылықтарының негізі ретінде қарастырамыз. Білімді болу дегеніміз – жеке адамдар мен қауымдастықтардың этикалық рефлексияға, эмпатияға және білімге негізделген шешімдерін қабылдауға қабілетті болу екендігін ұмытпауымыз керек. Қазақстанның орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар негізінде біршама жұмыстар атқарылуда.

Қазіргі күрделі әрі аумалы-төкпелі заманда құндылықтар жүйесінің алатын орны ерекше. Құндылықтарға бейімделу адамзатқа тән. Болмыс құбылыстарының құндылықтарынсыз әлеуметтік жан иесі ретіндегі адамның іс-әрекетінің де, өмірінің мәні де болмайды.

Жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру – рухани азғындықтың алдын алудың ең басты жолы. Осы орайда бүгінгі таңдағы мектептерде



жүргізілетін тәрбиенің өзіндік басты мақсаты да осында айқындалып, бағыты белгіленуі қажет.

Сондықтан, қазіргі тәуелсіз елімізде ғасырлар бойы халқымыздың ұлттық санасынан орын алған адамгершілік құндылықтарды, яғни ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік, қарым-қатынас сияқты қасиеттерді, қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланыстырып, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің қайнар бастауы деп қарастыруға болады. Яғни, «тәрбиесіз қоғам, қоғамсыз тәрбие өмір сүрмейді» деген заңдылыққа сүйене келе, өскелең ұрпақтың бойына қоғам талабына сай адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды мақсат еткен тәрбие процесі ғана уақытпен үндесіп, қоғам мен тәрбиенің өзара байланысын түзеді.

Ар-намыс, қадір-қасиет, абырой және адамның беделі – адамзаттың өмірінде, қоғамында, салт-дәстүр ғұрпында, ой санасында арнайы басты адами қасиетті құндылықтары. Көне заманнан адамның бойындағы адалдық, әділдік, азаматтық, ауызбіршілік, адамгершілік сияқты құнды қасиеттердің бағасы жоғары болған. Дегенмен, әр заманда әр уақытта да ақ пен қараның, жақсы мен жаманның арасында текетірестің болып отыратыны адамгершілік қасиеттердің құндылығын жойып, құнсыздыққа айналдырып жіберетін іс-әрекеттер, жағдаяттар қоғамда болып жататындығынан хабарымыз бар.

Еліміздің болашағына ұлттық және адами құндылықтарды меңгерген, сонымен қатар халық педагогикасынан тәлім-тәрбие алған елжанды азаматтар қажет. Әрине бұл қажеттіліктің орнын толтырушы бірінші кезекте отбасы болса, кейінгі кезекте мектеп және қоғамның рөлі үлкен. Халықаралық зерттеулер де құндылықтар негізінде білім беруді барлық мүдделі тараптардың: отбасы, мектеп және қоғамның қатысуымен жан-жақты кешенді түрде жүзеге асырылуы керек деп тұжырымдайды. [1]

Қазіргі жаһандану заманында құндылықтар жүйесінің алатын орны айрықша. Өйткені рухани-адамгершілік құндылық – адамның ішкі жан-дүние қасиеттерінің өлшемі; оның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, дұрыс өмір сүру жайында ізденуі, өзін-өзі бағалап, сол арқылы әлемді тануы. Ал, осы адами құндылықтарды тануда, білуде және үйренуде жастарымызға дұрыс бағыт-бағдар беру баршамыздың міндетіміз болып жүктеледі. [2]

Құндылықтар негізінде оқыту жаңа заманның талабына сай тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге, салауатты өмір дағдыларын негіз жасауға бағыттайды.

Сондықтан ұсынып отырған құндылықтарға незілделген оқушының даму кітапшасы барлық білім ошақтарының тәрбие процессіне етене енуі қажет. Бұл кітапша арқылы оқушының ой-өрісі дамып, тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күнде жастарды әдепті де саналы етіп тәрбиелеу үшін ең алдымен тәрбие ережелеріне сүйене отырып, ұлттық дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, дінімізді, ата-бабаларымыздан қалған насихат-мұраларды жастардың санасына сіңіре білуіміз қажет. Тәрбиенің көзі ата-бабамыздан қалған мұралар мен дана сөздер десек, біз соларды насихаттаушымыз. Бүкіл қоғам болып



қолға алып, мәдениетті, тәрбиелі болып жүруді әрқайсысымыз өзімізден бастасақ, жас ұрпақтың тәрбиесі де өз жемісін берері анық.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің орны.
2. Бастауыш мектеп журналы/ республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал/ №7, 2007.



Жасымбекова Айгерим Рысбековна
*Қарағанды облысы білім басқармасының
Қарағанды қаласы білім бөлімінің
«№27 ЖББМ» КММ
директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және
химия пәнінің мұғалімі*

Химия сабағындағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігі артып отыр.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарымқатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады.

Функционалдық сауаттылық мына құзыреттіліктерден көрінеді:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;



- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан.

Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі. Функционалдық сауаттылық – тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Функционалды сауатты адам – қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ақуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді.

Ұлттық жоспардағы функционалдық сауаттылықты дамытудың төрт негізгі тетігін нақтылап кетсем:

Бірінші тетік: – оқыту методологиясы мен мазмұнын түбегейлі жаңарту. Атап айтқанда, педагогтарды даярлау мен біліктілігін арттыру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тағы басқа салаларда ілгерілеушілік байқалады.

Екінші тетік – оқу нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту. Яғни, функционалдық сауаттылықты дамыту білім – түсіну – қолдану – жүйелеу және жинақтау сияқты өлшемдер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін біртіндеп мектеп өміріне енгізу.

Үшінші тетігі – балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы. Ата-ананың борышы бала бойына жас кезінен адами құндылықтарын дарытып, саналы өмір сүруге баулу. Ата-ана баласының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мұғалімдерімен тығыз байланыс жасау керек.

Төртінші тетік – қосымша білім беру жүйесін дамыту. Ұлттық жоспарда оқушылар сарайы, музыка мектептері, жас техниктер мен натуралистер станциялары жұмыстарын түбегейлі өзгерту қа-растырылған. Еліміз тарихында алғаш рет аталған ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жаңартылатын болады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда басты рөл атқаратын, басты орында тұратын ұстаным – теория мен практиканың байланыста болуы ұстанымы. Оның мәні – оқушыларға теориялық білім беріп қана қоймай, сол білім, білік, дағдыларын күнделікті жаңарып, өзгеріп жатқан өмірде, кез келген жағдаятта емін-еркін қолдана білуін қамтамасыз ету.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі.



Функционалдық сауаттылық –тілдік тұлғаның әлеуметтік –қоғамдық ортада сөйлесім әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) өзінің мақсатына қарай еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі.

Заманауи мектептің ең басты міндеті оқушы өмірінің барлық белендерінде білім алуға деген құлшынысын қалыптастыру үшін, оған әрбір қадамының маңыздылығын түсінуге мүмкіндік беруден, тәсілдер мен таным көздерін таңдауда бағдар ұстай білуге үйретуден тұрады. Бұл – Елбасының білім саласын жанарту туралы бастамаларын іске асырудағы маңызды тетіктердің бірі. Аталған тетіктер Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында, жаңа Мемлекеттік бағдарламада, «Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында, Назарбаев Университетінде оқыған дәрісінде және басқа да сөйлеген сөздерінде айрықша мән беріліп айтылған. Олар өз нәтижесін бере бастады. Оның нақты дәлелін, дүниежүзілік экономикалық форумда жарияланған әлем елдерінің бәсекеге қабілетті рейтингідегі соңғы нәтижелерден байқауға болады. Елбасы бастамасымен өмірге келген «Функционалдық сауаттылық бойынша Ұлттық жоспардың» маңызы ерекше. Оның мақсаты – оқушылардың салалық сауаттылығын дамыту арқылы, тиімді қызмет түрлеріне бейімдеу. Сонымен қатар, ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалдық сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Мұндай жаңа міндеттерді мұғалімнің кәсіби санасының өзгеруінсіз, кәсіби құзіреттілігінің өсуінсіз ескі психологиямен, ескі әдістермен, ескі біліктілік арттыру жүйесімен шешу мүмкін емес. Олай болса қоғам – жаңалыққа жаны құмар, жаңаша ойлайтын, өзгермелі өмірге икемделіп қана қоймай, оны жағымды жаққа өзгертуге белсенді қатысатын ұстаздарға мұқтаж.

Сапалы білім беру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді ізденіспен пайдалану- ұстаз алдына қойылып отырған уақыт талабы. Ю.К.Бабанский: “Сапаны арттыру- нақты жағдайдағы кез келген шешімнің ең тиімді нұсқасын таңдау”- деп атаған болатын.

Қазіргі қоғамда көп әр түрлі өзгерістер болып жатыр, жаңа технологиялар мен адам қызметінің түрлері пайда болып жатыр, осыған байланысты барлық елдің сауаттылығына қажетті талаптарға қарай жеке индивидуумдардың сауаттылығына деген талаптар өсуде. Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын ішаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылығы дегеніміз адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси



және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым- қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарымқатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін академиялық білім беріп қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау, білімін күнделікті өмірде, шынайы жағдайларда пайдалана білу, проблеманы шешу, ғылыми зерттеу қарым-қатынас дағдыларын дамыту керек.

Химия пәнінің мақсаттарына жету үшін тілдік дағдыларының төрт түрін түрлі комбинацияда оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым қолдана білу керек. Ол үшін мына мәселелерге үнемі көңіл бөлу керек: 1. Оқушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі жинақтау, талдау, бағалауға мән беру. 2. Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу. 3. Оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр 10 мин сайын жағдаятты өзгертіп отыру. 4. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту. 5. Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету. Осындай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады. Мұғалім ретінде, жаңа стратегияларды химия сабағында қолдану барысында оқушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» оқушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға



болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық деп ойлаймын.

Осыдай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады. Мұғалім ретінде, жаңа стратегияларды география сабағында қолдану барысында оқушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» оқушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. БҰҰ «Білім бәріне ортақ» атты бағдарламасы, 2001. – Б.5-9.
2. Ергешбаева Ш.Н. «Мүдде мен мақсат – жарқын болашақтың кепілі» // Өрлеу – Шымкент №1 (7) 02.2014ж.
3. Функциональная грамотность выпускников школ // Вершловский С.Г., Матюшкина М.Д
4. Нұрахметов Н.Н. Нәтижелі білім беру үшін функционалдық сауаттылықтар жүйесін қалыптастыру мәселесі // – Өскемен: 2012 (28-29 маусым). – Б.21-23.





Нуримова Арайлым Нурлановна
КГУ «Макаровская ОШ отдела образования района Бәйтерек
Управления образования акимата ЗКО»
учитель информатики

«Использование информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) на уроках информатики как средство повышения качества знаний учащихся»

«Наибольшее значение имеет не то, что ученик использует новые технологии, а то, как это использование способствует повышению его образования».
С. Эрманн

Использование информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в учебном процессе является актуальной проблемой современного школьного образования. Изучение информатики имеет огромное общеобразовательное значение, далеко выходящее за рамки задачи подготовки выпускников школы к жизни и труду в формирующемся «информационном» обществе. Одной из задач учителя на уроках информатики является использование информационных и коммуникационных технологий (ИКТ) для наиболее результативного усвоения школьной программы учениками.

В настоящее время уроки информатики с использованием ИКТ стали привычными для учащихся школы, а для учителей стали нормой работы – это, на мой взгляд, является одним из самых важных результатов инновационной работы в школе.

Внедрение компьютерных технологий не только обогатило учебно-воспитательный процесс, оно сыграло и неосценимую роль в том, что ученики стали смотреть на компьютер не как на дорогую игрушку, они увидели в нем друга, который помогает им учиться, познавать мир, мыслить и творить.

Поэтому целью моей работы на уроках информатики является повышение качества знаний учащихся посредством использования информационных ресурсов в соответствии с потребностями пользователя.

Как и каждый учитель, я заинтересован в том, чтобы мои уроки проходили с наибольшей эффективностью. Компьютер позволяет существенно изменить способы управления образовательной деятельностью, погружая обучающихся в определенную ситуацию, давая возможность занимающимся запросить определенную форму помощи, излагая учебный материал с иллюстрациями, графиками и т.д.

Использование ИКТ позволяет перейти от объяснительно-иллюстрированного способа обучения к **деятельностному**, при котором ребёнок становится активным субъектом учебной деятельности. Это способствует осознанному усвоению знаний учащимися.

PPt4WEB.ru



Научить ребёнка работать с информацией, научить учиться - важная задача современной школы. Повышение качества образования в наши дни невозможно без применения новых информационно-коммуникационных технологий.

Отсюда следуют цели использования ИКТ:

- повысить мотивацию обучения;
- повысить эффективность процесса обучения;
- способствовать активизации познавательной сферы обучающихся;
- совершенствовать методики проведения уроков;
- своевременно отслеживать результаты обучения и воспитания;
- планировать и систематизировать свою работу;
- использовать, как средство самообразования;
- качественно и быстро подготовить урок (мероприятие).

Мой кабинет оборудован компьютерной техникой – персональными компьютерами, видеопроектором, сканером, принтером, позволяющими перенести информацию из периодических печатных изданий в информацию удобную для работы преподавателей и учащихся. Имеется интернет, который предоставляет возможность поиска материала по любому предмету.

Используемые мною направления ИТ можно представить в виде следующих блоков:

- мультимедийные сценарии уроков (презентации);
- применение готовых учебных и демонстрационных программ;
- контроль знаний;
- проектно-исследовательская деятельность учащихся.

На уроках создаю условия практического овладения предметом для каждого учащегося, выбираю такие методы обучения, которые позволили бы каждому ученику проявить свою активность, своё творчество, использую обучающие программы на CD, электронные учебники – это важнейшие средства иллюстрации объяснения учителя.

Также использую тестирование, которое не может полностью заменить обычные контрольные и самостоятельные работы, но в связи с информационной насыщенностью учебного процесса тестовый компьютерный контроль позволяет: более рационально использовать время урока; охватить больший объем содержания; быстро установить обратную связь с учащимися и определить результаты усвоения материала; сосредоточить внимание на пробелах в знаниях и умениях и внести в них коррективы.

Как и каждый учитель, я заинтересована в том, чтобы наиболее эффективно использовать современные информационные компьютерные технологии на своих уроках, для этой цели изучаю опыт коллег, постоянно ищу новые подходы в обучении своего предмета, всегда стараюсь увлечь своих учеников, развить любознательность при изучении каждой новой темы, научить каждого ребенка за короткий промежуток времени осваивать, преобразовывать и использовать в практической деятельности огромные массивы информации. Очень важно организовать процесс обучения так, чтобы ребенок активно, с интересом и увлечением работал на уроке, видел плоды своего труда и мог их оценить.

На мой взгляд, приемами и методами создания мотивации, которые я применяю на своих уроках, и которые позволяют эффективно изучать материал



на любом из дидактических уровней, являются: апелляция к жизненному опыту детей, создание проблемной ситуации, ролевые и деловые игры, решение нестандартных задач на смекалку и логику, элементы занимательности, кроссворды, сканворды, ребусы, творческие сочинения. На любом этапе урока я использую компьютерные презентации.

Примеры использования презентаций на уроках информатики:

- Объяснение новой темы, сопровождаемое презентацией.
- Работа с устными упражнениями.
- Использование презентации при повторении пройденного материала.
- Демонстрация условия и решения задачи.
- Взаимопроверка самостоятельных работ с помощью ответов на слайде.
- Проведение тестов.
- Проведение физкультминуток.
- Проведение рефлексии.
- Демонстрация портретов ученых и рассказ об их открытиях.
- Создание учащимися компьютерных презентаций к урокам обобщения и систематизации знаний и способов деятельности.
- Внеклассная работа: игры, турниры, вечера.

Компьютер практически решает проблему индивидуализации обучения.

Эффективность использования ИКТ на уроках



Имея, в качестве партнёра компьютер, при выполнении практических работ каждый ученик может работать в удобном для себя темпе, позволяет усилить мотивацию учения.

На уроках создаю условия практического овладения предметом для каждого учащегося, выбираю такие методы обучения, которые позволили бы каждому ученику проявить свою активность, своё творчество, использую обучающие программы на CD, электронные учебники – это важнейшие средства иллюстрации объяснения учителя. На занятиях обращаюсь к ресурсам сети Интернет. Большой интерес вызывает у учащихся поиск информации по заданной теме в Интернете, которые помогают реализовать лично - ориентированный подход в обучении, обеспечивают индивидуализацию и дифференциацию обучения с учётом способностей детей, их уровня обученности, склонностей и т.д. Такие индивидуальные задания они выполняют с удовольствием и готовы увлеченно рассказывать об этом на уроке. Рассказы вызывают множество вопросов и вовлекают остальных в беседу.



Как и каждый учитель, я заинтересована в том, чтобы наиболее эффективно использовать современные информационные компьютерные технологии на своих уроках, для этой цели изучаю опыт коллег, постоянно ищу новые подходы в обучении своего предмета, всегда стараюсь увлечь своих учеников, развить любознательность при изучении каждой новой темы, научить каждого ребенка за короткий промежуток времени осваивать, преобразовывать и использовать в практической деятельности огромные массивы информации. Очень важно организовать процесс обучения так, чтобы ребенок активно, с интересом и увлечением работал на уроке, видел плоды своего труда и мог их оценить.

Закончить я бы хотел словами: «Если ты идешь на урок, то идти нужно вместе со своими учениками на урок, а не со своим любимым уроком к ученикам»



Сасыкова Альбина Равильевна
*Колледж Международной Академии Бизнеса
город Алматы, Алмалинский район,
Методист, преподаватель философии*

«Новая концепция обучения в глобальном мире»

Президент Касым-Жомарт Токаев отметил, что «новые условия требуют кардинального реформирования системы образования и науки. Становится очевидным, что значение этой сферы будет возрастать. От ее развития зависит и экономика. Мы должны четко понимать роль образования и науки в будущем. Это будет определять всю государственную политику».

Глобализация – один из важнейших процессов унификации и интеграции постиндустриального общества, является следствием развития современной цивилизации, обмена товарами и технологиями, знаниями и культурными ценностями. Это неизбежная тенденция времени, ведущая к расширению национальных границ, прогрессу в науке, медицине, образовании и коммуникациях. В 60-х годах 20 века канадский культуролог и философ Маршалл Маклюэн выразил свое мнение о том, что стремительное развитие средств массовой информации является причиной стирания пространства и времени. Он также предсказал, что это непременно вызовет культурную интеграцию, станет мощным инструментом воздействия на национальные языки и культуры. В 1983 году Роланд Робертсон впервые употребил термин globality в качестве названия одной из своих статей, в 1985 году он так же подробно растолковал понятие globalization. В «Декларации тысячелетия» ООН от 8 сентября 2000 года говорится: «Главной задачей, стоящей перед нами сегодня, является обеспечение того, чтобы глобализация стала позитивным фактором для всех народов мира. Она может обрести полностью всеохватывающий и справедливый характер лишь через посредство широкомасштабных и



настойчивых усилий по формированию общего будущего, основанного на нашей общей принадлежности к роду человеческому».

В настоящий момент территориальность и автономия теряет актуальность, политические события, достижения в культуре и науке носят универсальный характер. Следствием становятся **разделение труда, слияние мирового капитала, стандартизация законодательств, международных стандартов, культурное слияние и толерантность. Как мы видим, это системный процесс, который охватывает все сферы общества и носит необратимый характер.**

Одним из важнейших процессов современности является создание **общевропейского образовательного пространства**. В 90-х гг. XX в. страны, лидирующие в технических исследованиях, провели модернизацию школьной системы, чтобы дать молодежи шанс продолжить обучение в ведущих вузах. В документах по правам человека образование рассматривается как одно из неотъемлемых прав, получение которого гарантируется в первую очередь правовыми и социальными институтами общества, а не уровнем финансового состояния семьи. Возрастающая роль науки и технологий увеличило потребность в квалифицированных кадрах и специалистах, масштабы образования стали носить планетарный характер, так в США поступление выпускников школ в вузы достигает 84 %. В настоящее время Казахстан подписаны соглашения о сотрудничестве более чем с 50 странами ближнего, дальнего зарубежья и международными организациями. Республика принимает участие в реализации программ международных организаций ЮНЕСКО, FCTR/ACCELS, ПРООН, Корпус Мира, Информационная служба США (ЮСИС), Фонд СОРОС, Детский Фонд ООН (ЮНИСЕФ), Совет по международным Исследованиям и обменов (IREX), Британский Совет в Казахстане, Германская служба академических обменов (ДААД), Национальный центр школьных и университетских программ Франции (CNOUS), Бюро по лингвистическому и педагогическому сотрудничеству Посольства Франции в Казахстане, Международный Фонд Избирательных Систем (МФИС).

В условиях интенсивной компьютеризации и информатизации общества, трансформации социальных и экономических институтов приоритетом становится человеческий капитал, являющийся главным движущим фактором всех глобальных изменений. Образовательные учреждения должны не просто выпускать дипломированные кадры с определенным объемом знаний и умений, а способствовать формированию личности нового поколения, способной принимать решения, преодолевать жизненные трудности, понимать и осознавать гуманные ценности и адекватно реагировать на события. Именно поэтому в профессиональном образовании происходит последовательный **переход от концепции функциональной подготовки специалиста к концепции развития его личности.**

Тенденции развития современного образования:

- преимущество и взаимообусловленность всех ступеней обучения (концепция непрерывного и многоуровневого образования)
- использование инновационных методов и оборудования (мультимедийная аппаратура, средства дистанционного обучения, глобальные и региональные сети)



- стирание национальных границ, подведение стандартов к единым универсальным моделям (Болонская конвенция, Сорбонская декларация, Лиссабонская конвенция)

Болонская конвенция охватывает все ступени обучения с 3-летнего возраста до получения докторской степени. Она создает единые стандарты для оптимизации высшего образования в разных странах, имеющих разный уровень культурно-исторического развития, а так же способствует большей мобильности молодежи. Если в странах ЕЭС показатель безработицы составляет 10%, то налицо эффективность социальных программ. Европейский совет поддерживает и развивает **международные программы (Tempus)**: дистанционное обучение, студенческий обмен, технологические инновации между вузами, обмен преподавателями. В соответствии с Государственной программой развития образования Казахстан в 2007 году впервые принял участие в исследованиях TIMMS, которое проводится Международной ассоциацией по оценке качества образовательных достижений учащихся (IEA). Результаты учащихся Казахстана среди 36 стран-участниц оказались очень высокими и значительно превысили средние международные показатели. Казахстан вошел в число стран, принявших Национальные рамки квалификаций. Принятая рамка квалификаций совместима с Европейской рамкой квалификаций и является основой разрабатываемой НСК. Вузы Казахстана участвуют в признанных международных рейтингах. Определены базовые ориентиры долгосрочной программы развития образования до 2020 года в части информатизации и компьютерной грамотности, уже невозможно представить учебное заведение без использования таких сетевых технологий как электронная почта, интернет, локальные связи, телеконференции и дистанционное обучение, мультимедиа.

Принципы глобального образования:

- ориентация на развитие личности ребенка;
- непрерывность;
- активизация творческой и познавательной деятельности;
- поиск эффективных технологий;
- целостность;
- достоверность;
- когерентность (гармоничность, единство),
- интегративность.

Актуальными педагогическими моделями, отвечающими данным требованиям являются: технология проектного обучения, технология развивающего обучения, технология проблемного обучения и критического мышления, технология модульного обучения.

Проектное обучение на уроках общественных дисциплин

«Проект» с латинского переводится «выброшенный вперед», «бросающийся в глаза». Цель изучения материала – это создание ситуации открытия, знакомство с неизвестными фактами истории, новыми личностями, постижение неизвестного. Дисциплины культурология, философия, социология дают обширные сведения о формировании человеческого гения, освоении территорий и создания очагов культуры, изучение произведений искусства. Учащиеся вовлечены в это повествование, с интересом изучают литературу, обсуждают научно-популярные



фильмы, защищают доклады, создают красочные презентации. Экскурсии в музеи и театры, тематические прогулки по городу и изучение достопримечательностей расширяет культурный кругозор и эстетический вкус, формирует экологическое сознание. Учащиеся защищают свои творческие проекты на самые разные темы: «Фотография как искусство», «Массовая культура», «Глобальные проблемы», «Терроризм как глобальная проблема».

Технология критическое мышление на уроках общественных дисциплин

Критическое мышление можно определить как технологию, развивающую аналитические способности: здравомыслие, скептицизм, рефлексивность, рационализм. Учащийся учится выделять главное, внимательно слушать и работать с информацией. Работа с первоисточниками, комментированное чтение, обсуждение высказываний авторов, решение ситуационных задач делает усвоение материала оптимальным и осмысленным.

Преподаватель применяет следующие приемы:

Стадия вызов к исследованию: мозговая атака (побуждение к размышлению, поиск и разбор вариантов), свободные ассоциации (перечисление всех ответов), перечисление плюсов и минусов, перечисление наличия и отсутствия качеств и признаков, кластер идей, таблица ключевых терминов или глоссарий.

Стадия изучение нового: объяснение новых терминов, морфологический анализ, знакомство с персоналиями, памятниками истории, цивилизациями древности, сопровождение мультимедийными средствами обучения (проектор, электронные учебники, презентации и обучающие фильмы)

Стадия рефлексии и выводов по теме: мобилизация к проективному творчеству и самопрезентации учащимися своих работ путем написания эссе, защиты докладов, участию в диспутах, брифингах и круглых столах.

Технология критического мышления помогает выработать у учащихся ораторские навыки, лаконичность, собранность, дисциплину ума, умение работать в команде, лидерские качества.

Таким образом, **глобальное обучение** – это создание условий для понимания взаимной связи всех процессов на земле, осознание важности сохранения жизни на планете, стремление к мирному сосуществованию, привитие таких качеств как сострадание, эмпатия, толерантность и справедливость. Модернизация обучения предполагает междисциплинарные исследования, создание единой картины и панорамного мировоззрения, увлеченность и мотивацию к эвристическим исследованиям и поиску, атмосферу доверия и сотрудничества на уроках.

Список литературы:

1. Дахин В. Глобализация – взгляд историка // Свобода мысли. - 2014. - №5. - С.29.
2. Добреньков В.И. Вызовы глобализации и перспективы человечества // Вестник Московского университета. 2013. №4. С. 3 – 21.
3. Альтернативные модели глобализации и проблемы современной глобальной динамики. Кол. моногр. Научн. ред.: А.У. Альбеков, Г.Г. Матишов, А.М. Старостин. – Ростов н/Д.: Изд-во РГЭУ (РИНХ), 2017. – 400 с.



Конырбаева Альфия Болатжановна

Педагог-дефектолог

№12 «Байтерек» бөбекжай

Алматы облысы, Талдықорған қаласы

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың отбасын сүйемелдеу

Қазіргі таңдағы қоғамдағы өзгерістер, әлеуметтік экономикалық жағдайлар жеке адамның дамуына түрлі ықпал етуде. Қоғам ең алдымен отбасынан басталады. Отбасы - қоғамның бір бөлшегі. Отбасының әлеуметтік маңызы оны орындайтын міндетті қызметтерінде айқын көрінеді. Отбасының міндетті қызметіне жататындар: ұрпақты көбейту, шаруашылықпен айналысу, тәрбиелеу, бұрынғыны қалпына келтіру.

Қоғам өміріндегі онды - солды жағдайлар, қиындықтар мен қайшылықтар отауға өз әсерін тигізбей қоймайды. Сонымен қатар отбасы да өз кезегінде қоғам өміріне ықпал жасайды, себебі отбасында қоғамның жас мүшесі – нәресте дүниеге келеді, ол қоғам талабына сай тәрбиеленеді, оның негізінде рухани дамуы қалыптасады. Ата-ананың балаға деген қарым-қатынасы қоғамның басты міндеті болып табылады. Жанұядағы ұрыс-керіс, келеңсіз жағдайлардың әсерінен балада қоршаған ортаға деген теріс әлеуметтік - психологиялық көзқарас қалыптасады.

Отбасы дегеніміз – туысқандық байланыста болатын, бірлесіп әлеуметтік тұрмыста өмір сүретін адамдардың жиынтығы. Отбасы - тұлға қалыптастырушы бесік. Жанұяда баланың қалыпты дамымай туылуы отбасына үлкен күйзеліс болып табылады. Балаға қойылған диагноз әрқашан баланың ары қарай қалай дамитынын анықтамайды, өйткені әрбір ауру әртүрлі формада көрінеді. Балаға диагноз қойылғаннан кейін, отбасының алдында мынадай сұрақтар туындайды: ары қарай қалай болады?, баламен қалай қарым-қатынас жасау керек?, мүмкіндігі шектеулі бала мектепке бейімделе ала ма, оқи ала ма? және т.б.

Отбасының мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда көп кездесетін мәселесі - отбасының әлеуметтік, эмоционалдық, моральдық және психологиялық бейімделе алмауы. Мұндай балалардың ата - анасы отбасын ерекше ұйымдастыруы қажет. Көптеген зерттеулер көрсеткендей , мүмкіндігі шектеулі балалардың ата - аналары өзіне кінә қойып, ренжіп, эмоционалдық күйзеліске ұшырайды, отбасында көптеген қиындықтар туады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелейтін отбасының басты мәселелері: қоғаммен қарым - қатынастан алшақтау, өз балаларының кемістігін мойындамау, мұндай балаларды тәрбиелеуде ата – аналардың білімінің жоқтығы, т.б. Мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасы - психолог, психотерапевт, дефектолог, логопед сияқты мамандарды, сондай-ақ жылы жүрекпен қарайтын қоғамды қажет етеді. Ата - аналардың өз уақытында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту, тәрбиелеу, түзету, емдеумен айналысатын мамандарға жүгінуі мұндай балаларды қоғамға тез қосуына септігін тигізеді.

Отандық ғылым мен практикада мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеуде ата - аналарға оптималды және эффективті көмек көрсету жолдарына үлкен зейін аударылды. Мүмкіндігі шектеулі балалардың толық психологиялық дамуы үшін, ата - аналарды коррекциялық - педагогикалық процеске қосу керек.



Мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасымен жұмыс жүргізу жүйесіне мыналар кіреді: мүмкіндігі шектеулі баланың әлеуметтік бейімделуін зерттеу; өзін – өзі бағалауды қалыптастырудың әдістері; қоғаммен дұрыс қарым-қатынас жасауда отбасының рөлі; балаларға түзете - дамыту жұмыстарын жүргізу процесіне ата - аналарды қосу. Бірлесіп жұмыс істеу, қосу, қатысу, оқыту, серіктестік – бұл түсініктер бір – бірімен байланыс жасауды білдіретін түсініктер. Соңғы «серіктестік » түсінігіне тоқталсақ, бұл түсінік ата – атаналар мен мамандардың бірлесіп жұмыс істеуін көрсетеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасында туындайтын мәселелерін ескере отырып, ата – анамен педагогикалық жұмыстың ортақ мақсаты анықталады: ата – аналардың педагогикалық компетенциясын көтеру, мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеу мен интеграциялауға көмек көрсету.

Аталған мақсаттарды жүзеге асыруда мынадай міндеттер атқарылады:

1. Ата – аналарды баламен дұрыс қарым – қатынас жасауға үйрету;
2. Қажетті педагогикалық біліммен қаруландыру;
3. Өзін – өзі бағалауын қалыптастыру.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасына психолого – педагогикалық көмек көрсетудің формалары.

1. Ұжымдық қарым – қатынас.

1.1. Жалпы ата – аналар жиналысы.

Міндеті:

- Түзете – дамыту жұмысының мазмұны мен міндеттерін ата-аналармен бірге талқылау;
- Ұйымдастыруға байланысты сұрақтарды шешу.

1.2. Топтық ата- аналармен жиналыс. Мамандармен жүргізіледі.

Міндеті:

- Ата – анамен бірге жұмыстың мазмұнын , міндетін талқылау;
- Отбасында баламен қалай жұмыс жасаудың формасын көрсету;
- Туындаған сұрақтарды шешу;
- Мектеппен, ондағы жұмыстың бағыттарымен таныстыру.

1.3. Тақырыптық баяндамалар, консультациялар, семинарлар

Міндеті:

- Мүмкіндігі шектеулі балаларға психолого – педагогикалық көмектің формаларымен ата –аналарды таныстыру, үйрету.
- Қоғам өміріне балаларды дайындаудың міндеттерімен таныстыру

2. Жұмыстың жекелей формасы.

2.1. Мамандардың консультациясы. Ата – аналардың сұраныстары бойынша жүргізіледі.

Міндеті:

- Түзету, оқыту, тәрбиелеу сұрақтары бойынша ата –аналарға жекелей көмек көрсету.

2.2. Ата – аналар сағаты.

Міндеті:

- Баламен оқыту жұмысының жүргізілуі жайлы ата – аналарды хабардар ету.



2.3. Анкета жүргізу. Дефектолог, психолог, әкімшілік жоспары бойынша жүргізіледі.

Міндеті:

- Бала және оның отбасы жайлы ақпарат жинау;

3. Көрнекі ақпараттық қамтамасыз ету формасы.

3.1. Ақпараттық стендтар. Ата – аналарға ыңғайлы жерге ілініп қойылады.

Міндеті:

Түзете - оқыту жұмысы туралы ата – анаға ақпарат беру.

Мұндай жұмыстарға қатысу - ата - аналарды қанаттандырады, шабыттандырады. Осы жұмыстар арқылы ата - аналар балаларымен дұрыс қарым – қатынас жасаудың жаңа формалары мен әдістеріне үйренеді.

Мектептің мамандарымен қарым- қатынасқа түсу арқылы алған білімін ата – ана үйде баласына қолданады. Мұндай жұмыстардың нәтижесінде: ата - аналар қоғаммен қарым – қатынасқа түсіп, балалардың дамуына белсенді үлес қосу арқылы жетістіктерге жетіп, ата – аналардың белсенді көзқарасы қалыптасып, өзін – өзі бағалауы жоғарылайды.

Бекбергенова Жұлдыз Телегеновна

Ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі

Әлем күн сайын жаңаруда. Күн сайын түрлі жаңалықтар ашылуда. Күн сайын жаңа жобалар іске асырылуда. Күн сайын бұл өмірдің бізге дайындаған сыйы артуда. Сондықтан әр күнге жаңаша көзқараспен қарауға дайын болуымызға тура келді. Ал, білім жүйесіндегі ең үлкен өзгеріс – қашықтықтан оқыту. 2020 жылдың көктемінде бүкіл әлемдегі білім беру жүйесі өзгерістерге ұшырап, үлкен сілкіністі бастан өткізді. Біліс жүйесімен бірге студенттердің ата-аналары да күйзелісті бастан кешірді. Көптеген жүргізілген зерттеулер ұстаздардың 84%-ына жуығы, балалардың 73% - ы және ата-аналардың 68% карантин кезінде қашықтықтан оқудан зардап шеккен. Жоғары оқу орындары да оған дайын болмағандықтан, ауысу шұғыл режимде өтті, ал оқыту сапасы жедел қашықтық форматына бейімделу барысында көптеген жаңашылдықтарды талап етті.

Бірақ мұндай форматта оқытудың өзіндік жағымды жақтары да болды: университеттердің профессорларын өздерінің шығармашылық және кәсіби әлеуетін қашықтықтан оқыту барысында сапалы білім беруге мәжбүр етті.

Білім беру саласында онлайн және офлайн режимдерді салыстыру, қызу талқыға түсті. Екі форматтың да сөзсіз артықшылықтары бар және тиімділігі әр нақты жағдай үшін әр түрлі екендігі белгілі болады. Нәтижесінде пәнге, оқу мақсатына, студенттердің жеке ерекшеліктеріне, оқу өнімін жүзеге асыру



сапасына және айқын емес факторлардың шексіз жиынтығына байланысты орын алған мәселерді шешу қолға алынды.

Бүгінгі таңда интернет платформасында білім беру нарығы өте алуан түрлі-бұл жаппай ашық онлайн курстар, кең профильді білім беру платформалары, мобильді қосымшалар, бейне конференция құралдары, оқытушылармен виртуалды сабақтар және басқалар жедел түрде жүзеге асырылды.

Пандемияның алғашқы толқынынан кейін университеттерінің басым көпшілігі классикалық күндізгі сабақтар онлайн - платформада жұмыс істеумен толықтырылған кезде аралас оқытуды жүзеге асыру жоспарларын жариялап қана қоймай, оны нақты түрде, барлық қажетті санитарлық талаптарды сақтай отыра жүзеге асырды.

Бұл шешім пандемияның жалғасуына дайындалу қажеттілігінен ғана емес, сонымен бірге объективті себептерден де туындайды: АҚШ-та жүргізілген сауалнамаға сәйкес, студенттердің 81%-ы көмекші сандық құралдарды қолдану олардың университеттегі үлгерімін едәуір жақсартады деп санайды.

Оқыту сапасын арттыру мақсатында күн сайын қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі аспектілеріне арналған республикалық онлайн-семинарлар өткізіледі. Барлық жоғары оқу орындары оқытушыларға техникалық қолдау көрсетіп жұмыс істейді.

Бүгінгі әлемдегі жағдайдан ешқандай оқу орны немесе ешқандай студент тысқары қала алмайды. Себебі біз жаңа цифрлық дәуірде өмір сүріп отырмыз. Пандемияға байланысты білімді берудің әртүрлі сценарийлері әзірленді: бір жерде жедел, бір жерде баяу. Бірақ дағдарыс тез шешім табуға және сол толқынмен бір мезгілде бірге жүзуге мәжбүр етті.

Осы жағдайларға байланысты біздің оқу орны да оң тәжірибелерді шоғырландырды және оларды білім беру үрдісіне дер мезгілінде енгізді.

Осылайша қашықтықтан білім беру классикалық күндізгі білім беруді толығымен алмастыра алмайтындығы айқын болды. Жоғары білім беру жүйесінің болашақ дамуына қашықтықтан оқытудың толық форматын қолдаудың және қабылдамаудың екі түрлі бағыты әсер етеді. Алайда, коронавирустық пандемия оқытудың бір бөлігін сандық форматқа ауыстырудың мүмкін тиімділігін көрсетті, бұл оқытуды одан әрі икемді және тиімді етіп отыр.

Қашықтықтан оқыту – бұл оқу үдерісінің оқытушы мен білім алушылардың арасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі. Қашықтықтан білім берудің ерекшеліктері мен артықшылықтарына сүйене отырып, өзінің кемшіліктеріне қарамастан, қашықтықтан оқытудың да өзіндік ілгерілеуі мен әлеуеті бар. Оқу қоғамы жүйесін құрудың маңызды бөлігі ретінде заманауи қашықтықтан білім беру үнемі жетілдіріліп, алға жылжып отыруы керек.

Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарының бірі - оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Осылай еткенде ғана студенттердің бір елден екінші елге орын ауыстыруларына шектеу қойып, кедергілер туғызудан гөрі көзқарастар жүйелерінің бір арнаға тоғыстырылған идеяларымен қаруланып, білім беру



ресурстарын өзара алмастыру жағдайында болашағы зор жаңа істерді өркендете түсуге мүмкіндік туады.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері:

– бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып. Мемлекеттік (республикалық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;

– құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау.

Қорыта келгенде, үнемі қашықтықтан жұмыс жасау жоғары білімнің тәрбиелік құрамдас бөлігін жойяды. Себебі қарым-қатынаста, жеке мысалда әрқашан қалай дұрыс жасалу керектігін көрсетуге болады. Ал оқытушы өзінің берген білімінің нәтижесінде, студенттердің алған білімдері оларға өмірлік азық болып, қажетіне қолдануы түпкі нәтиже болып табылады. Ал осындай өзгерістер қазіргі студенттерді де өмірде кездесетін жағдайларға тез бейімді болуды үйретеді.



Келдибаева Бахтыгул Омархановна

«№ 10 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Семей қаласы, Абай облысы

Тарих және қоғамтану пәні мұғалімі

«Шоқан Уәлихановтың қоғамдық қызметі» тақырыбын мектепте оқыту әдістемесі

Жетістіктері:

2016 жылы Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының ұйымдастыруымен өткізілген «Педагогикалық менеджмент басқару қызметінің мәдениетін дамыту факторы ретінде» тақырыбындағы педагогикалық оқуға қатысып, I дәрежелі Дипломмен марапатталып, 2019 жылы Әлібек Әнуарбекұлы Құсмановтың 70 жылдығына арналған «Табысы менеджер. Басқарудың тиімді әдістері» облыстық педагогикалық оқуларында II орын иелендім.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен өткізілген «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсында «Менеджмент» секциясында мектептің басқару моделін қорғап жүлделі II орын иеленсем, 2020 жылы «Педагогикалық идеялар» фестивалінде оқу-әдістемелік жұмысты басқару тәжірибесімен бөлісіп жүлделі I орынды иелендім.



2020 жылдың 20-25 қаңтарында Ресейдің Санкт-Петербург қаласында өткен «Одаренность и ее развитие в условиях трансформации педагогического образования» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатыстым.

Еліміз егемендік алып, ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізгелі, білім беру саласында да оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін енгізу, жаңаша оқыту талабы күн сайын күн тәртібінде қаралып келе жатқан мәселе. Тәуелсіздік алғаннан кейін жоғымызды түгендеп, ата-баба мұраларына терең үніле бастадық. Соның бір айғағы көп ұлтты Қазақстан жерінде өзімізбен қатар өзге ұлт өкілдері де өмір сүріп, біздің ата салтымызды, тілімізді танып білуге бетбұрыс жасауда.

Тарихты оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру арқылы «танымдық әрекет», «танымдық қызығушылық» ұғымдарына негіз қалайды. Тарихты оқыту әдістемесінде оқушылар танымдық мүмкіндіктерін оқып үйренеді. Тарихты оқытудағы негізгі таным үрдісіне қысқаша сипаттама берер болсам: Оқушылардың тарихқа деген танымдық қызығушылығының ерекшеліктері. Тарихты оқытуда оқушыларды дифференциалдық тұрғыдан оқыту мәселелері.

Осы айтылған жағдайларға байланысты бір дәрістің жоспарын мысалға келтіре кетуді жөн көрдім. Оқу бағдарламасы бойынша ұлы ғалым Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов туралы дәрісті жүргізу.

Халқымыздың ойшылы, ұлттық мақтанышымыз Ш. Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығын, өмір сүрген ортасын тарихи деректермен байланыстыра отырып жан-жақты түсіндіру, қазақ ауыз әдебиетін жинаушы, әдебиеттанушы ғалым ретінде таныту; оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал жасау, зерттеуге дағдыландыру, ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту; Көкше топырағында тәрбиеленіп, сұңқардай биікке самғаған, демократ ағартушы Шоқанның бойындағы алғырлық, зеректік, ойшылдық, әдебиетке, ел өміріне деген құмарлық сияқты асыл қасиеттерді оқушылардың санасына ұялату, қазақ халқының сүйікті, адал перзенттерін жоғары бағалай білуге тәрбиелеу.

БЖБ тапсырмасы түрінде оқушыларға берілген тақырыптарға байланысты реферат немесе баяндама жаздырып, тест тапсырмаларын шештіру тиімді болмақ. Шоқан Уәлихановтың шығармашылығымен толық таныстыру үшін дайындалған мынадай кесте мен тест бойынша шолу жасауға болады. Мұндай кесте арқылы оқушының оқулықпен өз бетінше жұмыс істеуіне жағдай жасалынады. Сонымен қатар, интернет пен жұмыс, компьютер арқылы бейне таспаларды пайдаланып, Шоқан туралы сыныпта бейнепроектордың көмегімен фильмдер мен суреттер көрсетуге де мүмкіндік туады.



ТОПТАСТЫРУ КЕСТЕСІ

АҒАРТУШЫ

ТАРИХШЫ

СУРЕТШІ

ГЕОГРАФ



ӨНЕРТАНУШЫ

ФИЛОСОФ

ӘДЕБИЕТШІ

ЭТНОГРАФ

ШОҚАН
УӘЛИХАНОВ
1835-1865 ЖЖ.

ӨРКЕНИЕТТІ
БАҒАЛАУШЫ

Сөз соңында айтарым, бұл пәнді оқытудың тапжылмастай қатып қалған әдістемесі жоқ. Әр сабақ өзіне тән әдістемелік деңгейде жүргізілетіні бәрімізге белгілі. Мысалы, белгілі-бір тақырып бойынша бір шығарманы қарастыруға болады. Сол мәтін шеңберінде арнайы жаңа сөздерді түсіндіріп, бірнеше жаттығулар жасап, оқушыларға екеуара диалог құрастыру тапсырмасын беруге болады. Ол үшін оқушылардың сөздік қоры жеткілікті деңгейде болуы керек.





Жумабекова Гульмира Бектемировна
«Шәкәрім атындағы кәсіпбейінді №5 гимназия» КММ
Семей қаласы, Абай облысы
Рухани жаңғыру орталығының жетекшісі,
тарих пәні мұғалімі

«Рухани жаңғыру» - Мәңгілік елдің болашағы»

Жетістіктерім: 2019 жылдың қараша айында Алматы қаласында өткен республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсында авторлық жұмысымды қорғап, жүлделі ІІІ орын иегері атандым. Өскемен қаласында «Рухани жаңғыру - Мәңгілік елдің болашағы» атты облыстық фестивалда «Үздік «Рухани жаңғыру» кабинеті» аталымы бойынша **Бас жүлдені** иелендім. ІІ республикалық Е.Б.Бекмаханов олимпиадасының І дәрежелі және ПедСтарт қашықтық олимпиадасының ІІ дәрежелі дипломдарымен марапатталдым.

Қызығушылықтарым: Тарихи – философиялық кітаптарды оқу.

Өмірлік ұстанымым: «Мәртебесі биік, әрдайым адал тұлға болу».

Бүгінгі күнде мемлекетіміздің алдында Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында "Туған жер", "Туған ел" кіші бағдарламасын жүзеге асыру зор міндет болып отыр. Ендеше «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі мақсаты біздің ұлттық құндылықтарымыз, яғни, оның тірегі ұлттық кодымызды сақтап қалуымыз керек.

"Рухани жаңғыру" бағдарламасының басты критерийлері: саналы ұрпақ, сапалы білім және бақуатты мемлекет. Ұлттық жаңғырудың түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. Оның тірегі – "ұлттық код" пен "жаңғыру". Ұлттық код – ұлтымыздың жеке-дара құндылығы мен мол мұрасы. Ал жаңғыру – осыны игере отырып, тарихыңды тану, өткеніңді жетік біліп, болашағыңды нұрлы ету.

Осы тұрғыда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы аясында мектебімізде әр сенбінің таңында туған өлкеміздің танымал тұлғаларының жүріп өткен жолынан сыр шертетін «Жақсылар салған іздермен...» тәрбие жұмысы жүріп жатыр.

Кіші бағдарламаның өзіне кеңірек тоқталып өтсек, өмірдің саяси, әлеуметтік және экономикалық салаларын дамыту қоғамдық сананы түрлендіруі арқылы жүреді. Қоғамдық сананы түрлендіру Қазақстан халқының салт-дәстүрін жоғалтпастан жаһандық қауіп-қатерлерге жауап беретін жобаларды іске асыруды талап етеді. Олардың негізгі шарттарының бірі ұлт мәдениетін және ұлттық мәдени-генетикалық кодын сақтау болып табылады. Халықтың ұлттық коды туған жеріне, оның мәдениетіне, әдет-ғұрыптарына, дәстүрлеріне ерекше көзқарас арқылы қалыптасады. Патриоттық сезім өзінің жеріне, кіші Отанына деген





«Рухани жаңғыру» кабинеті ашылған күннен бастап, үздіксіз жұмыс жасап келеді. Бұл орталықта қала, облыс, республикаға аттары мәлім, танымал тұлғалар қонақта болды. Атап айтсақ, дәстүрлі өнерді дәріптеп жүрген Рамазан Стамғазиев ағамыз, Қазақстанның «100 есімі» қатарына енген Қостанайлық ұстаз Н.Дементьева ханым, Семей қаласы әкімінің орынбасары А.Садырбаев мырзалармен кездесулер өтті. Сонымен қатар «Тарих толқынындағы – Ұлы даланың жеті қыры» тақырыбында

Семей қаласы Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Исин Амантай Исаұлымен кездесу оқушыларымыз үшін жана іске бастама бола білді. Ұлы Абайдың 175 жылдығы қарсаңында «Жүрекке Абай сөзін сақтаған жан...» Абайдың ақын шәкірті Төлеу Көбдіковтің немересі Шынар Мұратқызымен өткізілген кездесудің де оқушыларымызға берері мол болды. Осындай игі іс-шаралар орталығына айналған, Марат Серікжанұлының демеушілігімен ашылған «Рухани жаңғыру» кабинетінің оқушыларымыз үшін маңызы ерекше. «Рухани жаңғыру» кабинетінің облыстық сайысты Бас жүлдені иеленуі орталық мүшелерінің жауапкершілігін арттыра түсті. «Рухани жаңғыру бағдарламасын оқу-тәрбие үрдісінде сабақтастырудың тиімділігі» тақырыбында өзімнің авторлық жұмысымды жинақтап, республикадан жүлделі оралуым да мектепте жүріп жатқан өз шығармашылығымдағы бірізділік пен жүйеліліктің нәтижесі деп білемін.





Насимова Гүлшат Тулегеновна
Гайсина Айнура Жасбатыровна
Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы
МКҚК №26 «Тұлпар» бөбекжай –
балабақшасының әдіскерлері

«Біз қауіпсіз балалық шақ үшін»

«Өмір бар жерде – қауіпсіздік бар»

Эмерсон (американдық ақын, жазушы, философ, қоғам қайраткері)

Қауіпсіздік-адам өмірінің маңызды мақсаты. Әрбір адам төтенше жағдайларда өзін және жақындарын қорғай білуі, зардап шегушіге алғашқы көмек көрсетуі тиіс. Қорғау үшін сіз қауіпсіздіктің не екенін білуіңіз керек, оны қалай қорғауға болатындығын білуіңіз керек.

Баланы қауіпті жағдайларда өзін-өзі ұстауға үйрету дұрыс, ата-аналар мен тәрбиешілердің, яғни баланың қасындағы ересектердің маңызды міндеттерінің бірі.

Мектеп жасына дейінгі балаларда жағдайды талдау дағдылары мен дағдыларының нашар дамуы, олардың әрекеттерінің салдарын болжау жиі кездеседі. Сондықтан балаларды табиғи қызығушылығына, ашықтығына және әлемге деген сеніміне кедергі келтірместен қауіп-қатерден қорғау, оларды қорқытпау және толыққанды өмірге дайындау қажет. Сондықтан балабақшадағы біздің жұмысымыз дамытушылық оқыту қағидаттарына негізделген және мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік, адамгершілік, физикалық дамуын жүзеге асыруға, олардың сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуінде оң тәжірибе қалыптастыруға, қарапайым зерттеулер мен тәжірибелер негізінде қауіпсіздік ережелері туралы білім идеяларына бағытталған.

2019 жылдан бастап №26 "Тұлпар" балабақшасы/МКҚК базасында "Біз балалар – қауіпсіздік үшін" қалалық эксперименттік алаңы ашылды /Орал қаласының білім беру бөлімінің /, оның жұмысы бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

1.Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы қауіпсіздік ережелері туралы білім саласында балаларды дамыту мәселесінің жеткіліксіз пысықталуы.

2.Балаларда қауіпті жағдайларда өзін қалай ұстау керектігі туралы білімді қалыптастыруға бағытталған ОӘК, әдістемелік әзірлемелер мен практикалық ұсынымдардың болмауы.

3.Балалардың оқушының әлеуметтік жағдайын қалыптастыру.

Балабақшада тәрбие-білім беру жұмысын 17 педагог жүзеге асырады, оның ішінде экспериментке 8 педагог қатысты, олар: меңгеруші Абдуалиева К. Е., әдіскерлер Насимова Г. Т., Гайсина а. ж. музыкалық жетекші Асетова А. Д., "Аққоян" қазақ тобының тәрбиешілері-Ергалиева Г. О. және Хамидолла Н. К., орыс тобының тәрбиешілері "Теремок " - Бургер е. э. және Исенғалиева с. Б.



Мақсаты: балалардың жеке қауіпсіздігі туралы түсініктерін қалыптастыру, балаларды тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету негіздеріне үйрету.

Міндеттері:

1. Балалардың күнделікті жағдайдағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы білімдерін жүйелеу және тереңдету.

2. Өзіңіздің құндылықтарыңыз бен қажеттіліктеріңізді түсіну, өзіңіз және өміріңіз үшін жауапкершілік алу қабілетін дамыту.

3. Жеке қауіпсіздіктің негізгі ережелерін орындау дағдыларын қалыптастыру.

Жұмыстың алғышарттары:

* базалық және қосымша білім беруді біріктіру;

* педагогтердің инновациялық қызметке қажеттілігі;

* отбасыларды тәрбие-білім беру процесіне тарту.

Инновациялық режимдегі жұмыс тәжірибесі, педагогтердің ойластырылған кәсіби қызметі бізге мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және қоғамдық қауіпсіздік мәселелеріне саналы көзқарасын және салауатты өмір салтына ұмтылысын қалыптастыруға көмектеседі; балаларды денсаулықты сақтауға және нығайтуға мүмкіндік беретін іс-әрекеттерді, мінез-құлықты саналы таңдау жасауға үйретеді; позитивті коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады; практикалық дағдылар мен мінез-құлық дағдыларын игеру үшін жағдай жасайды төтенше жағдайларда балалар.

Мұғалімдердің жан – жақты қызметі балалардың кез-келген халық үшін ең құнды екенін түсінумен анықталады. Инновациялық тәртіп қазақстандық балаларға бақытты болуға, өзіне сенуге, өз өмірлік мәселелерін өз бетінше шешуге, өзімен және әлеммен үйлесімді өмір сүруге көмектеседі. Әлеуметтік білім біз баланың күн сайын кездесетін қоршаған орта объектілерімен танысудан бастаймыз. Қоршаған әлем қандай қауіпті болды – бұл жолдар; Тұрмыстық техника; табиғаттағы және үйдегі өрттер; балалар үшін улы және қауіпті өсімдіктер.

Бірінші мәселе қауіпсіз жол қозғалысының және балалар жол-көлік жарақатының бірінші проблемасы бірінші автокөлік құралының пайда болуымен туындады. Жыл сайын жолдардағы, әсіресе ірі қалалардағы автомобильдердің саны артып келеді, қозғалыс күшейе түсуде, кішкентай адамға машиналар мен жаяу жүргіншілердің қозғалатын ағынын түсіну және шарлау қиынға соғады.

Екінші мәселе-өрт қауіпсіздігі. Өрттер шекараны да, ұлттарды да білмейді, жастарды да, қарттарды да аямайды, бұл өздерін қорғау үшін өрттер туралы мүмкіндігінше көп білуге міндеттейді. Өрт-бұл адамның қолымен жасалған зұлымдық. Жыл сайын мыңдаған адамдар, соның ішінде балалар отта өледі. Мұның бәрі балаларды қауіпті жағдайды болдырмауға және өрт болған жағдайда дұрыс мінез-құлыққа дайындаудың маңызды мәселесі туралы айтады.

Үшінші мәселе-қоршаған ортадағы қауіпсіздік. Саяхаттар, экскурсиялар бастауыш сынып оқушыларының физикалық қасиеттерін дамытуға ықпал етеді, денені қатайтады, жаратылыстану саласында да, қоғамдық өмір саласында да, атап айтқанда, Қоршаған ортаны қорғауда да құбылыстар мен фактілерге белсенді, белсенді қызығушылықты оятады.



Өз өлкесінің тарихын, тарихи және табиғи ескерткіштерді білу, өлкетану зерттеулері өз Отанының патриоттарын, белсенді өмірлік ұстанымы бар азаматтарды тәрбиелеуге көмектеседі.

Төртінші мәселе-жеке қауіпсіздік. Баланы құқықтық қорғау, оның әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі ерекше өзекті. Жиі қайғылы аяқталатын балаларға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының саны, өкінішке орай, төмендеу үрдісіне ие емес.

Біз қарым-қатынас мәселесіне және баланың әлеуметтік ортаға ену проблемаларына, балабақша оқушыларының әлеуметтік тәжірибені игеруіне байланысты моральдық нормалар мен мінез-құлық ережелерін меңгеруге ерекше назар аударамыз.

Тәрбие жұмысының түрлері:

- танымдық әңгіме;
- этикалық әңгіме;
- профилактикалық әңгіме;
- ойындар: Рөлдік, ситуациялық;
- көркем экспрессивтілік құралдарын қолдана отырып сабақтар;
- жаттығулар;
- экскурсия;
- тестілеу, ол ұжымдық (бұқаралық) режимінде жүзеге асырылады, топтық, шағын топтық және жеке сабақтар;
- ата-аналармен ынтымақтастық.

Бағдарлама практикада қолданылады, табиғатта да, қоғамда да Мінез-құлықтың жалпы қабылданған нормалары туралы жаңа білім бекітіледі. Ең бастысы-жеке қауіпсіздіктің негізгі ережелерін білу ғана емес, оларды тұжырымдай білу, оларды төтенше жағдайларда қолдану қажеттілігін түсіндіру.

Балалармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілуі керек. Қауіпсіз мінез – құлықты үйрену көптеген жылдар бойы жұмыс істейді.

Өзіне, адамдарға да, табиғатқа да зиян келтіре алмайтын адамды тәрбиелеу керек.

Бағдарламаны балалар, ата-аналар және басқа да педагогтар талап етеді деп санаймыз.





Жустова Надежда Алексеевна
Область Абай, г. Семей
КГУ «Специальная школа-интернат №3»
Учитель русского языка и литературы»

Рекомендации педагогам, работающим в инклюзивных классах с наличием детей с нарушением зрения (категория слабовидящие учащиеся)

В соответствии с документально-правовой базой в области образования, а именно: статья 30 Конституции РК, нормы Законов РК «О правах ребёнка в Республике Казахстан», «О социальной и медико-психологической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», «Об образовании», Государственная программа развития образования в РК на 2005–2010 годы, Государственной программа развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы успешно осуществляется система инклюзивного образования.

Инклюзивное образование – предоставляет возможность совместного обучения детей с особыми образовательными потребностями со своими сверстниками в обычных учебных заведениях.

В настоящее время в Казахстане разработаны и утверждены учебные предметные и коррекционные программы для обучения детей, имеющих ограниченные возможности здоровья, в том числе и для детей с нарушением зрения.

У слабовидящих детей в познавательной и учебной деятельности зрение остается ведущим анализатором поэтому для письма и чтения используется плоский шрифт. [2] Чтобы эффективно организовать и провести целенаправленно коррекционно – педагогическую работу, педагог должен очень хорошо знать состав и структуру нарушенных зрительных функций школьника.

На каждого ученика с патологией зрения необходимо сделать подборку данных со следующими показателями: диагноз заболевания органа зрения, возраст и время утраты или нарушения зрения, нарушенные зрительные функции, коррекция, рекомендованные приборы, улучшающие зрение, номер парты, ее место в классе,

режим зрительной или тактильной работы, режим физических нагрузок.

Только учет всего комплекса функциональных нарушений даст возможность учителю объективно оценить зрительный потенциал слабовидящих детей и правильно организовать индивидуальный дифференцированный подход к учащимся с нарушенным зрением, определить время и порядок смены различных видов деятельности на уроке, создать правильные условия учебно – познавательной деятельности, повысить эффективность работоспособности данной категории школьников.

Методы обучения:

При обучении детей с нарушением зрения преимущественное положение занимает словесный метод обучения; при использовании наглядного метода



обучения дидактический материал следует применять с учётом состояния зрения учащихся; в работе с применением проблемного и частично-поискового метода, в частности приёмов «Развитие критического мышления через чтение и письмо» подходить творчески шире использовать возможности дифференцированного, лично- ориентированного, интегрированного обучения и игровой технологии.

Формы работы.

Включение ребенка с нарушением зрения в работу является весьма сложной задачей для учителя, для самого ребенка и для учеников. Слабовидящий ребенок читает и пишет медленнее и не сможет успевать за всем классом, и в связи с этим целесообразно использовать диктофон, на который можно записывать фрагменты урока, устного сообщения учащегося при выполнении заданий СОР и СОЧ.

К стратегиям «Развитие критического мышления через чтение и письмо» при обучении слабовидящих и незрячих детей следует подходить творчески:

Адаптировать, видоизменять метод Джиксо, заменяя чтение текста всеми учащимися прослушиванием на читающей машине, диктофоне и т.п.

Заполнение таблицы Инсерт: в целях продуктивной деятельности детей с нарушением зрения при объёмной работе с текстом выделять цветом тот фрагмент текста, где содержится наиболее приемлемая часть для соответствующего вывода. Не записывать в таблицу тезисы, а выложить в мозаичном порядке готовые, набранные соответствующим шрифтом (основной шрифт Calibri, кегль 16). Дать возможность выбора нужного тезиса из ряда предложенных для оформления таблицы в виде аппликации, что соответствует стратегии «Карусель» и «Ярмарка». Это будет способствовать продуктивному использованию времени для вывода по теме.

При подготовке к уроку учителю следует помнить, что тексты к урокам литературы, истории, географии предоставлять заранее; использовать аппликационные виды работ при работе с картами и схемами, таблицами, при работе по сравнению фигур, их размеров, объемов, площадей рекомендуется использовать метод наложения.

Работая с техническими средствами, отдавать предпочтение озвученной презентации или поясняющему видеофрагмент, дать возможность учащимся рассмотреть на столах предложенные на экране изображения. Текстовые презентации должны составляться на белом или зелёном фоне, основной шрифт Calibri, выделение части текста курсивом не рекомендуется. Целесообразно использовать театрализацию и ролевые игры на уроках как гуманитарного, так и политехнического цикла.



Речь учителя должна быть четкой, ясной, выразительной! Учитель должен проговаривать все что делает: пишет, рисует, демонстрирует опыт и т.п.

Умение воспринимать материал «на слух» облегчает детям понимание инструкций учителя, его комментариев, которые являются неотъемлемым компонентом практически на всех этапах обучения. [1]

На уроке необходимо сочетать словесное описание действий, предметов и ситуаций для слабовидящего ученика с собственным изучением материала на ощупь. На письменные работы предоставлять больше времени или сократить



количество упражнений и заданий, использовать интерпретацию текста художественного и научного стиля.

Требования к наглядным пособиям.

Для детей с нарушением зрения необходимо подготовить индивидуальные карточки, тексты, наглядные пособия, чтобы они могли принять участие в работе всего класса.

Карточки для работы должны выполняться шрифт Calibri, кегль 16.

У учащихся с дефектом зрения очень часто отмечается нарушение цветовосприятия, и это необходимо учитывать при использовании средств наглядности на уроке. При изготовлении наглядных пособий для детей с нарушением зрения используется преимущественно красный, желтый, оранжевый и зеленый цвет. Тифлопедагогу рекомендуется использовать зелёный фон для демонстрации объекта.[5]. В случае нарушения цветоразличения, педагог обращает внимание на обязательное контрастное изображение объектов и процессов в раздаточном дидактическом материале, особенно детализировку сигнальных признаков предметов, их органов, особенностей строения с помощью контрастных цветов, различных форм линий (сплошная, прерывистая, волнистая и т.д.). Для частично видящих и слабовидящих учащихся изображения должны иметь высокий контраст (60 –100 %) при цветонасыщенности от 0.7 до 1.0. Для лучшего цветоразличения и ориентировки в изобразительных пособиях используется цвето – рельефная унификация, которая позволяет обозначать строго определенным цветом и рельефом существенные признаки изучаемых объектов и процессов (границы государств и указатели городов, органы человека, контуры растений и животных). Такую модификацию в большинстве случаев может сделать сам педагог. Нецелесообразно изображать на одном листе предметы одинаковой величины, если в натуре они отличаются размерами. [3]

Учителю необходимо следить за тем, чтобы ребенок хорошо воспринимал учебный материал на доске, в таблицах, на карте и т.п. Следовательно, изобразительно – наглядные пособия должны быть четкими, яркими, достаточно крупными, демонстрироваться с близкого расстояния, индивидуально для каждого учащегося.

Психолого – педагогическая поддержка

Основным принципом общения должно быть уважение, доброжелательность к личности слабовидящего ученика, который должен видеть себя равным среди сверстников.

Литература

- 1.Денискина В.З. Коррекционная направленность уроков математики в начальных классах школ для детей с нарушением зрения. М., АКАДЕМИА АПК и ПРО 2002г. 30 стр.
- 2.Земцова, М. И. Учителю о детях с нарушениями зрения / М. И. Земцова. — М. Просвещение, 1973.
- 3.Ермаков В.П., Якунин Г.А. Основы тифлопедагогики. – М., 2000г
- 4.Крылова Н.А. Специальные приёмы и методы обучения русскому языку слабовидящих детей. М., ИПТК «Логос» ВОС 1990 г. 66 стр.





Шаймарданова Алия Октябрқызы

Нур-Султан қаласы

№46 «Самал» балабақшасы МҚКҚ

Қош келдің, Наурыз!

Сценарий мақсаты: Балаларға ұлыстың ұлы күні туралы мағлұмат беру; Балаларды елін, Отаның сүйеге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу; Имандылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Сценарий барысы: Мейрам өтетін жер салт – дәстүрге байланысты жабдықталады. Балалар ұлттық киімдерімен келеді. Киіз үй керегесінен сахна жасалынады.



Балалар безендірілген залға билеп кіреді.
Балалардың орындауында «Қаражорға» биі.

Тәрбиеші: Ұлыс күндеріңіз құтты болсын!
Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды,
Қарсы алайық Наурызды!
Наурыз тойын жұп жазбай,
Қошеметпен қарсы алып



Досқа құшақ ашайық,
Өлең жырға басайық,
Қазақтың бір салты деп
Тойға шашу шашайық!
(Әже шашу шашады).

Әже: Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Қайда барсан жол болсын
Ұлыс береке берсін
Бәле-жала жерге еңсін
Ұлы халқым тең болсын
Қуаныш көп болсын!

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, Наурыз мейрамына арналған ертеңгілікке қош келдіңіздер!

Тәрбиеші: Балалар, Наурыз мерекесіне арналған тақпақтарымызды айтып берейік!



Сезім:

Уа, халайық, халайық
Әсем әнге салайық

Ақжол

Наурыз тойын көңілді
Бирге қарсы алайық!

Дария:

Здесь скачки, гульбища, забавы:
Вот в схватке силачи сошлись.

Имран:

Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Қайда барсан, жол болсын!

София:

Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жәле жерге еңсін!



Ойын: «Арқан тарту».



Тәрбиеші: Наурыз мерекесі ұлттық мерекеміз болғандықтан өз ұлтымыздың салт-дәстүрін айтпай кетпеске болмайды. Сіздерге «Тұсау кесу» рәсімін назарларыңызға ұсынамыз. Тұсау кесу бала тәй- тәй басқанда жасалатын думанды дәстүр. «Тұсауы кесілмеген бала» көп сүрінеді дейді. Тұсау кесу рәсімі ұлға да, қыз балаға да жасалады. Тұсауды ала жіппен кеседі, ол біреудің «ала жібін аттамасын» деген ниет білдіреді. Жүйрік бол, шауып кет т.б. тілектерді айта отырып, баланың аяғына байланған тұсауын кесіп жібереді.



Тәрбиеші: Әжей, Сіз бізге көмектесесіз ба? Сіздің жолыңызбы берсін!

«Тұсау кесу» рәсімі ата-аналарға ұсынылады.

Тәрбиеші: Балалар, сендер қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? (балалардың жауаптары) олай болса сендерді «Қыз қуу» ойынына шақырамын.

Ойын: «Қыз қуу».



Ән «Әлди әлди»




Ойын «Қол күресу»



Осыменен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік аяқталды. Сіздерді Наурыз көжеден дәм татуға шақырамыз.





Дюсембаева Арайлым Серікқызы

Жиделі орта мектебі

Алматы облысы, Балқаш ауданы, Жиделі ауылы

Мен заманауи сынып жетекшімін

«Адам білім үшін емес, білім, тәрбие адам үшін ұстанымын басшылыққа алып, оқу – тәрбие барысын жетілдіріп, дамыту арқылы ғана білім мен тәрбиенің беделін артыруға болатынын уақыт өзі дәлеледеп отыр. Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында екені айқын. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның бар өміріне апат әкеледі»- деп әлемнің екінші ұстазы атанған ұлы ғалым Әл – Фарабидің айтқан пікіріне қазақтың маңғаз ақыны Мағжан Жұмабаевтың «Жас бала — жас шыбық, жас күнінде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйі қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең сындырып аласың» деген асыл сөздерін оқушыға тәрбие негізін қалайтын әрбір сынып жетекші өз ұстанымы ретінде қабылдауы керек. Мектеп табалдырығын аттаған пәк сезімді, адал ниетті, өмірге деген құмарлығы артып тұрған бүлдіршінді сапалы білім мен саналы тәрбие соқпағынан сүріндірмей алып өту сынып жетекшінің міндеті. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Бәсекеге лайық маман тәрбиеле, бәсекеге лайық ұлт жаса» деген бастамасының өзі стратегиялық негізгі құралға айналып отырғандығы сондықтан. Бұл президентіміздің тәрбиеге ерекше мән беруі әрбір сынып жетекшісіне ой салып, тәрбие бағытын қазіргі заман талабына сай жүргізуге ықпал етуі керек.

Қазіргі кезде заман талабына сай мектептегі тәрбие жұмысының құрылымы жас ұрпақтардың бойына ұлттық игіліктерді сіңіру арқылы оларды нарықтық – экономикалық бәсекеге қабілетті ой — өрісі жан – жақты дамыған жеке тұлға етіп тәрбиелеуге бағытталған. Тәрбие барысында баланың ақыл ойын, іс — әрекетін, танымдық қабілетін дамыту сынып жетекшінің міндеті. Әр оқушыға сенім арта біліп, жеке тұлға ретінде қалыптастырсақ, тәрбие бағытындағы тасымыздың өрге домалағанын, болашаққа барар жолымыздың айқын екенін көреміз.

Адамзат өмірінде ХХІ ғасыр ақпараттық технологиялардың дамыған кезеңі. Жаңа үрдістегі техника тілін білетін, оны жақсы меңгеретін, егемен еліміздің ертеңі — жас ұрпақты тәрбиелеу әрбір жаңашыл сынып жетекшінің міндеті. Ал мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, ол — сынып жетекші. Бүгінгі толғандырып отырған тақырып өзегі «Қазіргі сынып жетекшісі қандай?» мен осы орайда осы сұрақ айналасында ізденіс жұмыстар жүргіздім. Менің ізденісім бірінші мектебімдегі озық тәжірибелі сынып жетекшілердің тәрбие жұмыстарымен танысудан басталды. Екіншіден, Республикалық білім мен тәрбиеге арналған баспа беттерінен еліміздің әр түкпіріндегі сынып жетекшілердің тәрбие, қазіргі уақыттағы сынып жетекшінің атқаратын жұмыстары туралы жазылған ой – тұжырымдарын қарастырдым. Үшіншіден,



«Қазіргі сынып жетекші қандай?» сұрақ арақылы өзімнің жетекшілік етіп жүрген сыныбымдағы атқарып жүрген тәрбие жұмыстарымды, тәрбие бағыттарымды ой елегінен өткізіп сараладым. Мен осы үш бағыттағы ізденіс жұмысымнан түйгенім, қазіргі жаңару кезеңінде қоғамның алға даму үрдісінде қазіргі заман талабына сай сынып жетекші болу үшін сынып жетекші — жан – жақты тәрбие беруші, оқу – тәрбие процесін жүйелі ұйымдастырушы, ізденімпаз, жаңашыл, инновациялық технологиялармен қаруланған, адамгершілік қасиеті мол, еңбекқор, тәрбиесіне назар аударатын оқушымен жұмыс жүргізе алатын, қарапайым мінезімен, мейірімге толы жүрегімен, оқушы жанын баурап алатын, электрондық оқулықтармен жұмыс жасай білетін, баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыратын, ата – аналармен, мектеп әкімшілігімен, қоғамдық ұйымдармен, жұртшылықпен біріге отырып, бала тәрбиесіне ықпал жасайтын, бойына ұлттық болмысымыздың барлық қасиеті жинақталған, тәрбиенің барлық салаларынан хабары бар, жүріс – тұрысы, киімі, сөйлеу мәнері әр балаға үлгі болатын, көп мәдениетті нарықтық – экономика жағдайында бәсекеге қабілетті, табысқа жетелейтін, жоғары деңгейдегі кәсібилік пен жан — жақтылықты меңгерген, бала жанның бағбаны бола білетін болуы керек деп ойлаймын.

Кейбір ұстаздар сынып жетекшілік етуден қашады. Баланы тәрбие нәрімен сусындату, сынып жетекшілік ету, алдына келген бүлдіршіндермен жұмыс жасау — мен үшін үлкен бақыт. Сынып жетекшілік ете жүріп талай жетістіктерге қол жеткіздік. Атап айтар болсам, «Алтын күз», «Тіл білгірлері», «Кім жүйрік», «Абай – дара, Абай – дана қазақта», «Сағынады Мұқанды сыздап жүрек» атты көркем сөз оқу сияқты сайыстардан бас жүлдені иеленді. Мектептің қоғамдық жұмыстарына өзім жетекшілік ететін сыныбым да белсене араласып отырады. Осы 8В сыныбыммен әрдайым тәрбие сағаттарын, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырамын. Мектепте жүргізілетін өзім ұйымдастырған «Ұлттық дәстүр» үйірмесі арқылы өз оқушыларыммен бірге, басқа сыныптардағы оқушыларды біріктіре отырып, жұмыс жүргіземін. Жұмысымыз нәтижесіз емес.

Бала тәрбиелеу – нағыз өнер, ал бұл өнердің бастауы – бала мектепке келетін отбасыдан басталады. Отбасыда баланың тұлғалық жеке қасиеттері, өзгелермен қарым – қатынасы, белгілі бір мінез бен әдеттері қалыптасады. Әрбір баланы тануға, оны жақсы көріп, оның қызығушылықтарын оятуға әрбір сынып жетекші тиісті. Мектеп – бұл: бала+ ата — ана+ сынып жетекші. Сондықтан ата — анамен байланыс – менің жұмысымдағы ең маңызды буын.

Басты байлық — денсаулық. Осыны ескере отырып, сыныпта салауатты өмір салтын ұстану мақсатында түрлі сайыс, шаралар ұйымдастырамын.

Тәрбие ісінде басқалардың жеке басынын өнегесі де өте зор қызмет атқарады. Ертеде Рим философы Сенеке «Адамды ақыл айтумен қайырымдылыққа тәрбиелеу қиын. Жеке бастың үлгісімен тәрбиелеу әлдеқайда оңай» — деген екен. Мұндай қасиет біздің ұлтымыздан да байқауға болады. Мәселен, біз ұстаз бола тұрсақ та, өзімізге жақсы жағынан ұнаған ұстаздарға еліктейміз.

Тәрбие сағаттарын өткізу үшін күні бұрын әр балаға тақпақтар, жұмбақ, мақалдар таратып, кейбір балаларға ән айтқызып, би билетіп келеміз. Осындай жұмыс түрлері балаларды жалықтырып жібермесе екен деген ой туындайды. Сондықтан тәрбие сағаттарына да жаңа технологияны кіргізіп, өзгешелеу етіп



өткізсек, балалардың ойлау қабілеті, шығармашылық қасиеттері және әр баланың бойындағы өзіндік ерекшеліктері байқалып, әр баланы жеке тұлға ретінде танимыз.

«Білім мен тәрбие» егіз. Тәрбиесіз берілген білім оқушыларды ізгіліктен тайдырып, жауыздыққа, озбырлыққа, өзімшілдікке, өктемдікке жетелейді. Сондықтан әрбір ұстаз, балалардың жүрегіне ізгілікті ұялатуды, ұлттық өнегені, өнерді үйретуді ұмытпау керек. Оқыта отырып тәрбиелеу – бұрыннан қалыптасқан әдіс — тәсілдің бірі. Еліміздің президенті Н. А. Назарбаев өз жолдауында былай деген еді: «Білім жүйесінде түбегейлі кадрлық өзгерістер жүргізілуі тиіс. Дәстүрлі оқытушы (қажет білімдерді беруде және тәржімалауда монополист) сахнадан кетеді. Педагог — тәрбиешінің жаңа бейнесі жасалмақшы: ол зертеуші, тәрбиеші, кеңесші, жобалар жетекшісі болуы тиіс».

Заманауи сынып жетекші — бұл қырағы, шығармашыл, ертеңіне сенімді, ғылыми — танымы жан — жақты дамыған заман талабына сай тәрбиеші деп түсінемін.

Уақытпен бірге қарыштау үшін үздіксіз өз — өзін жетілдіріп, мақсатқа жету жолында ерінбей еңбек етуіміз керек. Себебі, бала – бұл сенің ой — қиялың, сенің ерік — жігерің, сенің шабытыңның сусындап өсетін дән.

Адамдарға кемшіліктері жөнінде көп айтыла беретін болса, онда олар өздеріне деген, өз күштеріне деген және өз мүмкіншіліктеріне деген сенімдерін жоғалта бастайды» Я, кемшіліксіз адам болмайды. Біздің ұжымда өз күшіміз бен мүмкіншіліктерімізге деген сеніміміз күн сайын артып, өз жұмысымызға деген махаббатымыз нығайып келеді.

Мен оқушыларымды, өз мектебімді сүйемін және де ол сүйіспеншіліктің оқушыларымның жүрегінде де бар екеніне қуанамын.





Дюсембаева Арайлым Серікқызы

Жиделі орта мектебі

Алматы облысы, Балқаш ауданы, Жиделі ауылы

Кейіпкерлер дайындау

<p>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 1 Бөлім: Визуалды өнер Күні: Сынып: 6</p>	<p>Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:</p>
Сабақ тақырыбы	Кейіпкерлердайындау
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	6.2.1.1 - Өздерінің идеялары мен сезімдерін жеткізу үшін қоршаған әлемнің көрнекі элементтерін және көркем өнер құралдарын анықтау, таңдау және пайдалану.
Сабақ мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> • Көлеңкелі театрға арналған кейіпкерлердің көлемді бейнесін жасауды жалғастыру;
Жетістік критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Кейіпкерлерді жасаудың кезеңдерін қарастырды; • Сценарийге сәйкес кейіпкерлерді дайындауды аяқтайды.
Тілдік мақсаттар	<p>Материалды ұсыну барысында сабақта қозғалған жаңа терминологияларды қолдану. Сұрақтарды қою және мысалдарды келтіре отырып, оларға аргументті жауап беру.</p> <p>Пән лексикасы, терминология және диалог/жазу үшін қажетті сөз тіркестері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • сахна, декорация • Кейіпкерлердің образын сипаттау барысында олардың мінезіне, мимикасына және ... ерекшеліктерге мән беру керек. • Кейіпкерлердің бейнесін жасарда материалдарды біріктірудің бірнеше тәсілдерін қарастыру қажет. Олар... <ul style="list-style-type: none"> • Декорация сценарийдің мазмұнына сай жасалуы тиіс. Себебі.... • Декорация жасаған кезде масштабты ескеру қажет. Өйткені...
Құндылықтарды дарыту	Қуыршақ театр өнерінде қозғалатын адамгершілік қасиеттердің маңыздылығын қарастыру.



Пәнаралық байланыстар	Әдебиет.
АКТ қолдану дағдылары	Бұл сабақ аясында АКТ дағдылары қарастырылмайды
Бастапқы білім	Анимация, мультфильм түсініктерімен таныс.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	
Сабақтың басы	Сабақтың тақырыптары мен мақсаттарына шолу жасау. Оқушыларды бүгінгі сабақ тақырыбымен, оқу мақсаттары және сабақ мақсаттарымен таныстырыңыз. Сабақ соңында күтілетін нәтижеге назар аудару қажет.	
Сабақтың ортасы	<p>Бейнематериал тамашалап, сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Көлеңкелі театрға арналған кейіпкерлерді жасаудың қандай кезеңіндесіздер? • Көлеңкелі театр кейіпкерлерін қимыл-қозғалысқа келтіру үшін не істеу керек? • Кейіпкерлерді жасау үшін қандай материалдарды қолданған дұрыс? <p>Практикалық тапсырма. Сценарий бойынша кейіпкерлерді дайында. <i>Тапсырманы оқушылардың қабілеттеріне қарай саралап беру ұсынылады.</i> <i>Қабілеті төмен оқушыларға шаблон кейіпкерлерді беру ұсынылады.</i> (С) Жұмыстың келесі кезеңдерін ұсыныңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қара картонда қаламмен фигураны салыңыздар (кейіпкердің силуэті). • Силуэтті қайшымен қырқыңыздар. • Қырқылған силуэтті таяқшалармен қосыңыздар. <p>Жұмысты ұсынылатын критерийлер бойынша бағалау: - Кейіпкерлер икемді болуы керек. - Бөлшектердің элементтерін бір-біріне жалғау. - Ұқыпты орындалу</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=QuKf7YrJaLw (кейіпкерлердің силуэті)</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=q9u0wfoe3WM (көлеңкелі театр. Спектакль)</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=x40LqqX42dg (көлеңкелі театр) PP-4 Қажетті материалдар: Қара фломастер, қатты қағаз, сушиге арналған таяқшалар.</p>



	<p>Қосымша тапсырма: оқушылар қозғалатын бөліктерін шплинтті бекіте отырып орындауы мүмкін (мысалы, аяқ-қолдары, құйрығы).</p> <p>Біз не істеп жатырмыз? Оқушылардың тапсырманы қанишалықты дұрыс орындап жатқанын түсіну үшін сабақтың кез келген кезеңінде қою ұсынылады.</p>	
Сабақтың соңы	<p>Бағалау Оқушылар өздерінің жұмысы мен сыныптастарының жұмысын белгілі бір дескрипторлар бойынша бағалайды.</p> <p>Рефлексия: Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: Оқушылардан оқылған тақырыпты «Кім? Не? Қайда? Қашан? Неге? Қалай?» деген сұрақтарды қамтитын бір сөйлеммен жауап беруді сұраңыз.</p>	
<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>ЖАДА тәсілі. Тапсырмаларды саралау арқылы оқушыларға тапсыру.</p>	<ul style="list-style-type: none"> Біз не істеп жатырмыз? <p>Оқушыларданоқылғант ақырыпты «Кім? Не? Қайда? Қашан? Неге? Қалай?» дегенсұрақтардықамтит ынбірсөйлемменжауапб ерудісұраңыз.</p>	<p><i>Денсаулық сақтау технологиялары.</i> <i>Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері.</i> <i>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары</i></p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p>	<p><i>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</i></p>	



<p>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	
<p>Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>	



Жанбауова Алмагуль Имантаевна

№10 сәбилер бақшасы,

'ZamanStar' білім беру дамыту орталығы КМҚК

Павлодар қаласы

Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлау қабілетін дамытуда «ертегі терапиясы» әдісінің маңызы

Мақсаты: «Ертегі терапия» туралы ұғым беру, маңыздылығын ашу, «Ертегі терапияның» түрлерімен таныстыру, әр бір оқиғаны, әрбір кейіпкерді, әрбір бейнеленген сюжетті түсіне отырып, шыққан қорытындыны ұғыну, тиімділерін тәжірибеде пайдалану.

Міндеттері: мектепке дейінгі ұйымда «ертегі терапиясын» пайдалану арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуге үйрету. Мектеп жасына дейінгі балаларға «ертегі терапиясын» қолдану арқылы креативті ойлауын дамыту. Театр



арқылы бала шығармашылығын дамыту. Психокоррекциялық жұмыстың маңыздылығы.

Әдіс-тәсілдері:

1. Ертегіні әңгімелеу. Бұл әдіс баланың елестете алу қабілетін, қиялын дамытады. Балаға бұл ертегіні қатысқан немесе қатыспаған кейіпкердің атынан баяндап беруді ұсынуға болады.
2. Ертегіні қайта жазу немесе толықтыру. Ертегінің мазмұны немесе оқиғаның шиеленісуі, аяқталуы ұнамаған кезде қолданылатын әдіс. Ертегіні қайта жазып немесе кейіпкерлерін өзгертіп, бала өзінің бойындағы өзгерістерді көрсетіп, шешімін таппай жүрген жағдайларды шешіп, өз ішіндегі толғаныстардан босай алады.
3. Қуыршақтар арқылы ертегіні сахналау. Бұл баланың қимыл – қозғалыстарын неғұрлым шынайы етіп, қуыршақтың мінез – құлқын да шынайы сомдай алуына көмектеседі. Қуыршақтармен жұмыс жасау арқылы бала өз бойындағы өзгерістер мен эмоцияларды жағдайларға байланысты көзрсете алмайтын жақтарын көрсетуге мүмкіндік алады.
4. Ертегіні құрастыру. Кез–келген қиял–ғажайып ертегілерде мазмұнның даму заңдылықтары бар. Басты кейіпкер бір отбасында дүниеге келіп, қиындықтарға тап болып, ол кедергілерді жеңеді және үйіне оралады. Сонымен, ертегі барысында кейіпкердің өмірі ғана сипатталмай, жеке тұлғаның қалыптасу кезеңі айтылады.

Қазіргі таңда қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген ертеңгі қоғам иегері боларлық азамат тәрбиелеп өсіру, отбасының, балабақшаның, барша жұртшылықтың міндеті болып отыр.

Бүгінгі күн талабы жалпы білім беру жүйесіне, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдардың білім мазмұны мен тәрбиелеу әдістеріне үлкен міндеттер жүктеуде. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында толыққанды мектепке дейінгі білім беруді қалыптастыруға кірісу қажеттігі нақты көрсетілген. Осыған сәйкес мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиенің басты мақсаты – баланың өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру, баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беру. Әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс.

«Ертегі терапиясы» – психотерапияның құрамдас бөлігі. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкердің қиыншылықтарына аландауы оның келешекте өз алдында пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын туындатады. Практикалық психологияның «ертегі терапия» бағыты – баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады. «Ертегі терапиясын» адамның рухани жан дүниесіне үйлесе отырып тәрбиелейді. Көптеген адамдар «ертегі терапиясын» балалармен ғана жүргізу керек деп айтады. Соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалармен. Бірақта, психологиялық қызмет барысында «ертегі терапиясын» қолданғанда адамның жасы мүлдем шектелмейді.



«Жан тұрмысы өркендеу үшін, яғни ойы, ақылы кеңейіп, құлқы түзеліп, тілі баю үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе», - деп М.Жұмабаев айтып кеткендей, ертегінің бала тәрбиесінде алар орны ерекше. Болашақта логикасы, шығармашылығы дамыған, еліміздің іргесін берік қалайтын жастар тәрбиелегіміз келсе, ертегіге ерекше көңіл бөлейік.

Жалпы психологтар бала тәрбиелеу мәселесінде құрғақ ақыл айтудың, ескеру мен дауыс көтерудің жарамсыз екендігін толықтай дәлелдеді. Бұлар жаһанданулық қоғамға қадам басқан жаңа ғасыр үшін көнерген, өз күшін жоғалтқан әдістер деп танылған. Есесіне, «ертегі терапиясы» арқылы баланың санасын өздігінен кері нәрселерге қарсы тұрарлық күш беру шарт деген тәсілді ұсынады. «Сабағыңды жақсы оқы, қолыңды жумай дастарқанға отырушы болма, ата-ананды сыйла, үлкенмен керіспе» дейтін ескертпелер баласы бар үйде күнде он рет қайталанады. Мың сан қайталанулардан соң бала санасы ести тұра мұндай ескертпелерді мүлдем қабылдамайтын күйге жетіп, тек өз білгенінше әрекет етеді. Өйткені, ол сабақты жақсы оқимаса не боларын немесе ата-анасын құрметтемеудің ақыры немен аяқталарын білмейді.

Ал, «ертегі терапия» ең бірінші оған болашақ туралы сұрақтарға жауап береді, ертегінің финалында болатын нәтижелерден ол келешек туралы ой түйеді.

Мысалы: ертегідегі үнемі жуынатын мысықтың баланы тазалыққа үндейтін әдіске жұмылдырылғанын айтады. Мұндай ерікті энергиялар баланы жалқаулықтан арашалайтын көрінеді.

Орыстың «Шалқан» деп аталатын шағын ертегісі бар. Бәрімізге белгілі, отағасы – шалдың еккен шалқаны өте үлкен боп өседі де, күз келіп, егінді жинау науқанында шалқанды жерден суырып алу айтарлықтай қиындыққа соқтырады. Шал, кемпірі, қызы келіп тартқылағанмен, жерден суырылар болмаған шалқанды иті, мысығы, ең соңында олар тұратын үйдің жертөлесін мекен ететін тышқан келіп көмектескенде ғана жұлынады. Ертегінің айтпағы – ауызбіршілік. Олардың бір-біріне көмектесу себептері – туыстығы мен бір үйді мекен еткен татулығы. Демек, бір отбасы, бір үйде тұратындар бір-біріне әрқашан да қамқор болуы керек деген ойды аңғарамыз. Орыс психологтары осы ертегіні естіген алты жасқа дейінгі көптеген қыз балалар шешесіне үй шаруасында көмектесуге талпынса, ұл балалар жөргектегі бауырын жұбатуға талпынғанын айтады.

«Ертегі терапиямен» жұмыс жасау тек мамандарға тән емес, бұл ата-ана үшін де міндетті нәрсе. Айталық, «Мақта қыз» ертегісін арнайы қойылым етіп тамашалайтын қара көздеріміз аз болса, психологтар орыс отбасыларында баланың көңілін көтеру мақсатында көптеген ертегілерді арнайы қойылым ретінде үнемі қайталап тұратынын айтады. Ертегі – отбасы үшін тек тыңдауға ғана емес, қойылым ретінде де сахналауға да ыңғайлы. Әкелерге – Ерназар, шешелерге – мыстан кемпір, ұлдары – алтын сақасын іздеген бала болып ертегі сомдаған шаңырақ қандай бақытты. Бұл отбасындағы өсіп келе жатқан бүлдіршіндер үшін «ертегі терапиясы» ғана емес, ересектер үшін де таптырмас татулықтың көрінісі болып табылады.

Қазақ халқының жас ұрпаққа тәрбие берудегі тиімді құралдарының бірі - ертегі. Ертегілердің мазмұнында халықтың тыныс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, адамдардың өзара қарым-қатынастары мен



мінез-құлықтары, адамдардың еңбексүйгіштігі, өз халқына, Отанға, туып-өскен табиғатқа деген сүйіспеншіліктері бейнеленген.

Т.Барласұлы ертегінің адам баласына тәлім-тәрбиелік, рухани маңызы жөнінде айта келіп: «Ертегі - рухани тәрбиенің мәні аса зор, көзіміз көріп, құлағымыз ести алмайтын, тек ақылмен ажыратып, жүрекпен ғана түйсіне алатын материалдық әлеммен бірге шегі жоқ рухани әлем болмысының біртұтас түсінікті баян етілген көрінісі», - деп анықтама береді.

Ресейлік жазушы А.Н.Толстой «Ертегі – біз ұсақтап жинақтайтын, халықтың ұлы рухани мәдениеті, және де ертегі арқылы біздің алдымыздан халықтың мыңжылдық тарихы ашылады», - деген екен. Көбінесе ертегілердің тәрбиелік құралы екеніне ата-аналар, яғни үлкендер сенбей жатады. Бұған К.Д.Ушинский көңіл бөліп былай деп жазды: «Халық ертегісінде балалардың ұлы және орындалған жыры бар – халық балаларға өз армандарын айтады, асып кетсе, халықтың өзі осы арманға жартылай сенеді». А.С.Макаренко балаларға ертегілерді қолдану әдістемелері туралы былай деді: «Кішкентай балаларға ертегілерді айтуда көптеген ертегілерді қысқартуға, тілін өзгертуге, ертегіні толық түсінушілікке әкелуге болады және солай ету керек».

Ертегі терапиясымен әсер ету ертегінің бес түрінің көмегімен жүзеге асады:

- Дидактикалық.
- Психотерапиялық.
- Медиативті.
- Көркемдік.
- Психокоррекциялық.

«Ертегі терапиясы» арқылы балаға мынадай қасиеттерді сіңіруге болады:

- Баланың шығармашылығы дамиды.
- Ойлау қабілеті дамиды.
- Баланың бойында тапқырлық дамиды.
- Өз ойын жеткізе білу.
- Рөлге ене білу.
- Сөйлеу мәдениеті және т.б. қасиеттері дамиды.

«Ертегі терапиясын» жүргізу – адамзат дамуындағы тәрбиелік психологияның ең бір көне әдістерінің бірі және қазіргі заманғы ғылым тәжірибиесіндегі жаңа, жас әдістердің бірі болып табылады. Ертегі терапиясы тәрбие арқылы баланың көзқарасын бағдарлау және ішкі әлемінен хабардар болу тәсілдері. Ер Төстік ертегісінде балақайларымыз достықтың үлкен үлгісін көреді. Оған көмек қолын созған Көлтауысар мен Желаяқ секілді алыптардың еңбегі тек достықты ғана насихаттамайды, ерекше болмыстары арқылы баланың тапқырлық деңгейін де жоғарылатады. Ер Төстік бала жер бетінде көптеген патшалықтарды көрсе, жерастында да көптеген патшалықтардың қонағы болды. Бұл бала психологиясына Отан ұғымын сіңіреді, белгілі бір мемлекеттің заңнамаларына бағыну мәселесін ұғындырады.

«Ертегі терапиясы» тек ата-ана үшін емес, ұстаз үшін де топпен жұмыс жүргізу барысында өте тапқыр әдіс болмақ. Адам баласында нашар деп бағаланатын көптеген мінездер бар. Соның бірі – жалқаулық. Жалқаулықты қаралайтын ертегілер мол болғанымен, дені баянға құрылады. Ертегіні тыңдау бір



басқа да, оны сомдаудың жөні бір басқа. Жалқаудың рөлін ойнаушы бала өзі қайталап отырған болмыстың шын мәнінде кім екенін түбегейлі ұғынады да, ондай одағай әрекеттерді қайталамауға тырысады.

Т.Д.Зинкевич-Евстигнеева «ертегі терапиясын» төмендегідей түсіндіреді:

- емдеу (психотерапиялық болып табылатын баланың ішкі білімін ашу);
- мағына іздеу үдерісі (әлем туралы білімнің мағынасын ашу);
- шынайы өмірдегі және ертегідегі оқиғалар мен тәртіптердің арасындағы байланыстың білімі;
- мәселелік оқиғаларды объективтілеу;
- баланы тәрбиелеу және оған білім беру.

«Ертегі терапияның» бір ұтымдылығы – бала тілімен жеткізілуінде, баланың ой ауқымына тән оқиғалар дәрежесінде ситуация құруында. Бала ертегі тыңдау арқылы өзін-өзі емдеп, түрлі шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік алады. Барлық ертегілерде басты кейіпкердің еркін өмірге қол жеткізуі, Отанының тәуелсіз дамуы басты мұрат ретінде бағаланса, ертегі арқылы балақайлар өздік кеңістік пен еркіндік ұғымын түйсінеді.


«Ертегі терапиясының» жетекші идеялары болып:

- өміріндегі мүмкіндіктері мен өмірінің құндылығын, өзіндік потенциалдарын сезіну;
- оқиға мен амалдардың себеп-салдарын түсіну;
- қоршаған ортаны түйсінудің әртүрлі стильдерін танып-білу;
- қоршаған ортамен өзара жасанды әрекет ету;
- үндестік пен күшті сезіну.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Короткова Л.Д. Сказкотерапия в школе. Методические рекомендации – М.: ЦГЛ, 2006.
2. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Грабенко Т.М. Практикум по креативной терапии. СПб, 1998
3. Ертегі терапиясы, Төлеген. А., Қазақстан мектебі, № 8, 2012 жыл.





Нуржанова Гулдерайым Адилбековна
ясли сад "Өркен", Старшая группа "Радуга"
Атырауская область, Жылыойский район,
город Кульсары

Моё имя, моя семья

Цель: Формирование представлений о семье.

Учить отвечать на вопросы предложением.

Упражнять в употреблении уменьшительно-ласкательной формы существительных.

Воспитывать уважение и заботливое отношение к своей семье.

Формировать адекватную оценку принадлежностей предмета ролевой игры.

Оборудование: семейные фотографии детей, планшет, предметы для ролевой игры "Семья" (клубок, молоток, книга, очки, газета, эмблемы с изображением папы, мамы, бабушки и дедушки, салфетки, гуашь, клеенки, рамочка для фотографий).

Словарная работа: здравствуйте, гости- сәлеметсіздермеқонақтар, семья- отбасы.

Ход занятия.

Организационный момент.

Дети заходят в группу под музыку "мамонтенка".

Воспитатель: Дети поздоровайтесь с гостями.

Сәлеметсіздермеқонақтар.

Дети: Сәлеметсіздерме қонақтар.

Воспитатель: Ребята, я приготовила вам загадку. Внимательно послушайте и быстренько найдите мне отгадку.

1. Это слово каждый знает,

Ни на что не променяет,

К слову "семь" добавлю "я"-

Что получится (семья).

2. Без чего на белом свете

Взрослым не прожить и детям?

Кто поддержит Вас, друзья?

Ваша дружная- (семья).

Молодцы, правильно! Это семья!

Дети подойдите тихонько к стульчикам и найдите свои фотографии, аккуратно садитесь и возьмите в руки.

Дети садятся на стульчики. У детей в руках семейные фотографии.

Беседа о семье детей группы.

Воспитатель: Сегодня вы принесли фотографию своей семьи из вашего фотоальбома.



Расскажите о своей семье, с кем ты живешь? У Вас большая семья?



У вас семье есть старший брат? А как его зовут?



Хорошо, молодцы!

А теперь расскажите о вашем семье.

Книжки мне читает мама,

И котлеты жарит мама.

Поет песни перед сном,

Убирает целый дом!

Папе моему везет-

На работу он идет.

Молодцы ребята, что вы знаете все о своей семье.

Воспитатель: Ребята вот вы приготовили свои фотографии. А Коркем вместе с мамой тоже сделала вам сюрприз. Портрет своей семьи, она хотела показать ребятам генеалогическое дерево. У Коркем большая семья.

Воспитатель показывает портрет детям.

Игра.

Воспитатель: А сейчас мы немножко поиграем, а потом продолжим. Уберите фотографии под стульчик, чтобы они нам не мешали. И внимание на меня. Я буду вас спрашивать, а вы отвечать.

Что делает у нас папа в семье? (смотрит телевизор, зарабатывает)

Мама? (готовит, купает, убирает)

Бабушка? (вяжет, печет пироги)

Дедушка? (читает газету, ходит на рыбалку)

Молодцы ребята!

Дети давайте встанем в круг.



Дети встают в круг.

Воспитатель: А теперь ребята мне очень хочется узнать как дома вас ласково называют.

Дети: цыпленок, зайка, жаным, котенок.

Замечательно ребята, оказывается у вас дома все ласковые и добрые.

Воспитатель: А сейчас немножко отдохнем.

Физкультминутка "Кто живет у нас в квартире?"

Раз, два, три, четыре (хлопаем в ладоши)

Кто живет у нас в квартире? (шагаем на месте)

Раз, два, три, четыре, пять (прыжки на месте)

Всех могу пересчитать (шагаем на месте)

Папа, мама, брат, сестра (хлопаем в ладоши)

Кошка Мурка, два котенка (наклоны туловища вправо, влево)

Мой сверчок, щеголь и я - (повороты туловища вправо, влево)

Вот и вся моя семья. (хлопаем в ладоши)

Воспитатель: А теперь займите все свои места, фотографии пока не трогайте. Я вам приготовила, что-то интересное.

Воспитатель раздает эмблемы четверем детям (эмблемы с рисунками папы, мамы, бабушки и дедушки) и закрепляет их прищепками.

Воспитатель: Здесь лежат предметы, которые необходимы нашим героям.

Ну дедушка выбирай, что ты возьмешь? Чем ты будешь заниматься?

дедушка) - очки и газету,

(бабушка) - клубок,

(папа) молоток -,

(мама) - книгу.

Воспитатель: Дети вы так много знаете кто и чем занимается в вашей семье.

Молодцы!

Изготовление подарка.

Ребята давайте сделаем своей семье приятное. Возьмите свои фотографии.

Можете поцеловать своих родителей.

Ребята, сейчас эту рамочку красиво мы украсим необычным образом. Встаньте и подойдите все ко мне, будем печатать.

Кончиком пальчика берем краску и наносим на рамочку красивые точки. Мы красим только яркими цветами красок. Аккуратно работаем. А теперь я предлагаю. Берите свои красивые рамочки и поместите здесь на доске.

Посмотрите как красиво вы сделали. Какая у нас семья. А знаете в переводе на казахский язык семья - это отбасы!

На этом наше занятие закончена.





Нурбекова Айман Каналбековна
"Айналайын" балабақшасының тәрбиешісі
Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы

Қоршау

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Таным

Бөлімі: Құрастыру

Тақырыбы: Қоршау

Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарының негізгі түрлерімен таныстыру және қарапайым құрастыру іскерліктерін дамыту. Ойлау қабілетін дамыту арқылы қоршау құрастыра білуге үйрету. Балаларды ұйымшылдыққа, бірлесіп еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу.

Билингвальдық компонент: еңбек-труд,

Сөздік жұмыс: қоршау-

Көрнекілік: суреттер

Түрі: Тәй-тәй технологиясы

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Бақшамызға барғанда Жолыққан бар жандарға. Ертемен ақ пейілмен, «Қайырлы таң» деймін мен Балалар шеңберге тұрып бір – біріне жылы лебіздерін білдіреді	Көңілді шаттық шеңбер жасау
Ұйымдастырушылық-ізденушілік	-Балалар, бүгін біз оқу іс-әрекеті құрастыру мен танысамыз. - Қоршау туралы түсіндіріліп, суреті көрсетіледі. -Балалардың серуенде жүргенде қоршау көргендерін естеріне түсіреді. Олар өте үлкен. -Қоршау ол біздің айналамыздағы үйімізді қоршап тұрады. - Қазір сендер қандай қоршауды қатты қағаздан құрастырасыңдар. - Алдымен қатты картонды қиып алып, желіммен жапсырамыз жан – жағын. Үйімізге арналған немесе	Тақырыппен танысу Суретке қарау Қоршау жайлы түсінік Тәрбиешіні мұқият тыңдау Жұмыс жасау



	<p>балабақшамызға арналған қоршау жасай алады екенбіз. Міне, әдемі биік қоршау құрастырдық. Құрастырып көріңдер.</p> <p>-Балалар, сендер өте ақылды екенсіңдер. Шаршаған шығарсыңдар сергіту сәтін жасайық.</p> <p>Сергіту сәті: Жел себеді, бетімізге Тербелейді, ағаштар Кіп-кішкентай, ботақандар Үп-үлкен боп, өседі.</p> <p>-Бірнеше рет өздері қойып, үлгіні қарап, соңында қоршауды жасап шығады. Қиналған кейбір балаларға тәрбиеші өзі көмектеседі.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қақпа құрастыр»</p> <p>Шарты: Балалар, алдарында тұрған кубиктардан қақапа құрастырады. Ойын әрі қарай жалғаса береді.</p>	<p>Қоршауды құрастыру</p> <p>Сергіту сәтін жасау</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>-Балаларға көмектесу</p> <p>Алақай, ойын</p> <p>Ойын ойнау</p>
Рефлексивтік – түзетушілік	<p>-Балалар, сен бүгін не? құрастырдыңдар?</p> <p>-Сендерге, бүгінгі оқу іс-әрекеті ұнады ма?</p>	<p>Қоршауды құрастырдық</p> <p>-иә, ұнады</p>

Күтілетін нәтиже:

Нені білуі керек: Құрылыс материалдарымен жұмыс істеуді білуі керек

Нені игереді: қоршау құрастыруды меңгерді

Нені біледі: Ұйымшылдықпен жұмыс істей алады





Жәдігерова Гүлнара Қапарқызы

№50"Алтын бесік"

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы

балабақша тәрбиешісі

«Дидактикалық ойындар арқылы балалардың қызығушылығын арттыру»

Кіріспе

“Ойын – күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады”
К.А Покровский.

I-Кіріспе

Ойын бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзінің қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттарды ойын арқылы түсініп ұғынады.

Белгілі психолог Е.А.Аркиннің пайымдауынша, ойын және ойыншық балалар өмірін сипаттайтын бірден-бір жалпы ұғым «Балақай өсімдік сияқты өз ішінен өсіп жетіледі. Және бұл үрдіс қатал түрде әр жеке баланың өзіне ғана тән. Бала тіршілігінің негізгі заңдарының бірі осындай»

Баланы жақсы тану, жақсы түсіну үшін оны ойын кезінде бақылау керек. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп, бүгінгі ойын, бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес. Сондықтан да педагог бала ойынына ерекше мән беріледі.

В.С.Сухомлинский «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуыда жоқ және болуы да мүмкін емес.» Ойын арқылы балалар көп нәрсені үйреніп тез ұғынып сол ойынға қортынды жасапта үйренеді.

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды осы сезім оны талпыныстарға жетелейді.

Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады.



Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ойын адамның мінез – құлқын

өз басқаруымен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс – әрекеттің бір түрі нәресте заттық іс-әрекетті бірте-бірте ойын әрекетіне ауысады барлық адам тұлға ретінде даму ерекшелігінде ойын әрекетін бастан кешіреді сәбилік кезінен бастап бала өзін қоршаған ортаны өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп ұғынады тек көру,сипап,сезу байқап тану емес тікелей араласып іс — әрекетке көшуін нақты қарым – қатынас барысында біледі.

Д.Узорв «Ойын арқылы әл қуатты сыртқа шығарудың тәсілі емес дамудың негізгі бас формасы».

Баланың қоғамда осындай ерекше орыны оның үлкендер өміріне араласуының айрықша түрі болып саналатын рөлдік ойынның пайда болуының негізіне айналды. Баламен жұмыс істеу ойынында ойынмен әсер ету арқылы басқаға немесе оның өзгеруіне көп күш кетпейді. Ойынмен әсер етудің мақсаты баланың өзін-өзі тану мен басқарудан тұрады.

Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу,мектепке дейінгі мекемелерден бастау алады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру баланың ғана емес еліміздің болашағын қалайтын естен шығармауымыз керек осы балаларға саналарына ойынның маңызы өте қажет.

Педагог ұйымдастырушы ретінде әрбір оқу қызыметін ойын түрімен өткізіуі керек.

Ойын-ойнап ән салмай, өсер бала болар ма-дегендей ойын балалардың таным процестерін дамытудың маңызды құралы.Сондықтан мен өз қызыметімді ойындарды қолдана отырып,балалардың қызығушылығын арттырып,сөздік қорларын көбейтіп адамдар мен қарым-қатынасын бейімдейміз.Қоршаған орта туралы түсініктерін молайтамыз.

II-Негізгі бөлім

Дидактика термині гректің «дидактос»,яғни уйлестіретін деген сөзден шыққан .Дидактикалық ойын оның аты айтып тұрғандай баланың ақыл ойын дамытып,таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі.

Дидактикалық ойын дегеніміз—балалардың ынта-ықыласын күшейтетін,оқу қызыметінің қиын процесін жеңілдететін, дамуды тездетуге көмектесетін, оқу қызымет барысында таным қызметін күшейту мен көтермелеудің қуатты қайнар көзі болатын оқыту әдісінің бір түрі.

1-кесте

Дидактикалық ойын арқылы балалардың білім алуға,оқуға қызықтыра отырып,тұлға дамуын қалыптастыруға болады.Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндерінің ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың мазмұнды құралы бола отырып,олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді,әрі пысықтауды көздейді.Дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндердің сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі.Себебі,ойын-оқу,еңбек іс-әрекеттермен бірге балалардың өмір сүруіне маңызды бір түрі.Балалармен жұмысында деңгейлік дидактикалық ойындар көп орын



алады. Оларды әр оқу іс-әрекетінде және балалардың өз бетінше жұмыс істегенінде қолданамын. Дидактикалық ойын оқудың бөлшегі болып табылады. Ол оқу іс-әрекетін меңгеруге, бекітуге, танымдылық қызыметінің әдісін меңгеріп көмектеседі. Балаларды заттың сын-сипатын біліп, қортындылауға, салыстыруға жүйелеуге үйретеді. Дидактикалық ойын сабақтың құрамдық бөлшегі болып табылады. Ол оқу іс-әрекетін меңгеруге, бекітуге, танымдылық қызыметінің әдісін меңгеріп көмектеседі. Балаларды заттың сын-сипатын біліп, қортындылауға салыстыруға жүйелейге үйретеді. Дидактикалық ойындар тақырыпқа байланысты қолданылады. Тапсырма берер алдында оны балаларға түсіндіру, тексеру қажет. Дидактикалық ойындар, ойын тапсырмалар біртіндеп күрделенеді, сондықтан оларды ретімен орындату қажет. Әрбір ойынға балалар қызыға қатысады. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Дидактикалық ойынның мақсаты бағдарламада анықталған білім, білік, дағдыларын және түсінік беру, оларды қалыптастыру тиянақтау және пысықтау немесе тексеру сипатында болып келеді. Дидактикалық ойынның міндеті балалардың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынған нақты мазмұнымен анықталады. Дидактикалық ойындар-балабақша бүлдіршіндері үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты, маңызы бар әрекет.

Бала әр бір затты ұстап дәмін татып, сан рет байқап көреді. Балабақшада бала психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші рөл атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар. М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердіұлы, С. Торайғыров өз еңбектерінде айтып кеткен. Дидактикалық ойын баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылай түседі. Әрбір дидактикалық ойын ойлай білуге баулып сөздік қоры өседі.

Мысалы: «Сыңарыңды тап!» ойынында балалар сурет көреді, ойлайды белгілі бір қасиеттеріне қарай заттың сыңарын табады. Яғни өмірде көп нәрсенің сыңары болатынын түсінеді.

«Бұл қай кезде болады!» ойыны арқылы жыл мезгілдері туралы білімдерін толықтырып, балалардың тез ойлап, оның тез жаңғырту қасиетін дамытамыз.

«Пішіндерге серуен ойыны!» балаларға өте қызықты түрлі-түсті ленталар мен пішіндер кескіндейміз., әуеде айналып жүрген нұсқаушы бір пішінді балалар орналастырады,

Сөйтіп әр баланың ойлауы әрі шапшаң қозғалысына ықпал етеміз.

«Иә-жоқ!»-Ойыны арқылы баланың есте сақтауын тез ойлауын дамытамыз, мысалы:

-Құс ұша ма?

-Аю жануар ма?

-Бізді қоршап тұрған табиғат па?

-Күн аспан денесіме? -деген сияқты әр салалы сұрақтар қоя отырып баланың білімін пысықтаймыз, ойлауын дамытамыз балалар жарыса, ынта мен жауап береді. Жалпы ойынның түрлеріде өтке көп. Әр түрлі ойындар арқылы балалардың қабілеттері ашылады, олар қоршаған ортаны қорғауға бейімделеді. Өмірлік мәліметтер алады, сөйтіп кең ойлай алатын танымдық дамуы қалыпты тұлға қалыптасады.

II.2. Ойындарды қолданудың тиімділігі :



жаңа тақырыпты ойын арқылы меңгертуде не бір жақсы нәтижеге жетуге болады;
шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін арттырады;
Оқу қызыметін жандандырып, өткізу.
баланың өз – өзіңе деген сенімділігі пайда болады;
логикалық ойлау қабілеті дамиды.

Дидактикалық ойындар арқылы оқу қызыметі барысында балаларды қызықтыру мақсатында қолданылады және мектеп жасына дейінгі ұйымдастырудың бағытында оқу қызметі ойын түрінде өткізіледі.

Қимылды ойын: «Кім шапшаң»

Оқу қызметінде ойын түрлері жас ерекшелігіне байланысты қолданылады. Тәрбиеші баланы қызықтырып қоймай, бес саланы білім берудің негізгі құндылығы деп түсінсе ғана өз мақсатына жете алады. Жақсы ойын жақсы жұмыс сияқты да, жаман ойын жаман ойын секілді деген баланың қуанышы да, реніші де ойын арқылы байқалады. Өте ертеден – ақ психологтар, педогогтар. Мектеп жасына дейінгі жасты ойын жасы деп атайды. Әрине бұл кездейсоқ емес бала не нәрсемен айналысып отырсада, оны ойын деп атайды.

7-Сурет

Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тап!»

Ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіре отырып, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, оқу қызыметінің кез-келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдалануға болады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда дидактикалық ойын түрлерін пайдалану, біріншіден, балалардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден, балалардың оқу қызыметіне деген қызығушылығын, белсенділігін арттырып, білім сапасын көтеру болып табылады, үшіншіден балалардың танымдық процестерінің одан әрі дамуына көмектеседі.

III-Қортынды

«Білімді ұрпақ болашақ кепілі!» дегенді жие айтып жүреміз. Біз тәрбиешілер болашақтың негізін қалаудамыз.

Елбасының кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпақтар мен байланыстырады!» деген сөзі тәрбиешілер қауымына зор жауапкершілік жүктелді. Әрбір тәрбиеленушіге-сапалы да терең білім бере отырып.

олардың үнемі жарық жұлдыз болып жанып өз ана тілімізді таза сөйлеп, оның жанашыры болатынына, сөздік қоры мол өз елінің бәсекеге қабілетті азаматы бола алатынын сенімім мол. Осы бүлдіршіндердің жұлдыз болып жануы үшін ауырда қиын еңбек жолындағы педагог ретінде ұстанымын.

«Үйретуден қашпа,

Үйренуден жалықпа!» деп өз шығармашылық жұмысымды қортындылығым келеді.

Нәтиже!

-Балалардың ойлау есте сақтау, сөздік қорлары молайды.

-Өзімнің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетім қызықты да тартымды өтуі үшін дидактикалық ойынның маңызы артты.

-Балалардың оқу қызыметіне деген қызығушылығы артты.



Ұсыныс!

-Дидактикалық материалдар көбейтілсе.

-Әр кабинеттерде дидактикалық бұрыштар жасақталса.

-Педагогтардың облыстық, республикалық білімін жетілдіру курстарыға жие жолдама берілсе!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Е.Өтетілеуов «Балақай», Алматы қ.Жалын баспасы,1986ж.15бет

2.Қ.Р БЖҒМ 2016жылғы «12» тамыз №499бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы,Астана 2016ж 13бет

3.С.Н.Величко, Т.Н.светличная Біз серуенге шығамыз, кіші жасқа арналған әдістемеліңк нұсқаулық. «Келешек-2030»,2010жыл 35 бет

«Педагог мектепке дейінгі әдістемелік кеңес орталығы.

5.Кел ойнайық «Өнер баспасы.



Кайрошева Сандугаш Тулепбергеневна

№50"Алтын бесік"

*Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы
балабақша тәрбиешісі*

«Бала тәрбиесіндегі балабақшаның рөлі»

Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көңіл бөліп, оған тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, қарастыру әрбір ұжымның тапқырлығы мен іскерлігін, ізденімпаздығы мен шығармашылығын талап етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім адамзатқа апат әкеледі» деген ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби ойын әр бір ұстаз, әрбір ата-ана өздеріне қағида ретінде ұстанса нұр үстіне нұр болар еді. Оқу мен тәрбие — бір-бірінен бөлек алынып қаралмайтын күрделі процесс. Жаңа заманның жаңашыл ұстазы осы екі үрдісті ірдей теңестіріп алып жүру оның шеберлігі мен іскерлігін көрсетеді.

Мағжан Жұмабаев өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген болатын: «Баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайық қылып шығару керек». Иә, Мағжан аталары айтқан даналық ойы бүгінгі күні білімді ұрпақ керек екенін айқындайды. Өйткені, елдің ертеңгі тірегі – жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс. Қазіргі таңда ұстаздарқауымынаұлкенжауапкершілікартыпотыр. Бала тәрбиесі – баршаныңісі.



Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу.

Балаға айналадағы өміршындығының әсері мол. Айналасындағы үлкендердің, өзінен ересек балалардың бір-бірімен қарым- қатынасы, көңіл-күй ерекшеліктері, жүріс- тұрысы, еңбек әрекеті – бәрі де балаға үлгі- өнеге. Бүгінгі балалар тез жетіліп келеді. Олар айналадағы болып жатқан барлық оқиғаларды білгісі келеді. Баланың тұлға болып қалыптасуына отбасының тәрбиесі аздық етеді. Бұл орайда бала тәрбиесіндегі балабақшаның орны ерекше. Себебі, балабақшаға баратын бала қоғамда өз ойын ашық айтуға үйренеді. Сонымен қатар жан- жақты жетіледі.

— «Балалар — біздің болашағымыз.» Сондықтан балаларды ерекше күтіп, тәрбиелеу керек. Әсіресе, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруіміз қажет. Және баланың үйде отырмай, балабақшаға барғаны жөн. Өйткені, бала сыртқа шықса, айналадағы ортаға үйренеді, мінезі тұйық болмайды, адамдармен тез араласады. Балабақша ең алдымен баланы тәртіпке, жауапкершілікке үйретеді. Баланың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы ұрпақты жақсылыққа тәрбиелейміз. Ата-бабаларымыз айтқандай баланың тәрбиесі бесіктен басталады, яғни тәрбиенің негізі отбасынан бастау алады. Балабақша, одан кейін мектеп адамның қоршаған ортада жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі. Отбасындағы тәрбие мен балабақшадағы тәрбиені ұштастыра отырып, әрі қарай жақсы жолға түсуіне себепкер болады деп ойлаймын. Ата-аналар таңертең бізге балаларын әкеліп, жұмысқа кетеді. Әке-шешесі аманаттап бізге сеніп тапсырып кеткен балаларға жауапкершілікпен қарамауға болмайды. Балалар аман, қуанып жүрсе, бізге одан артық бақыт жоқ. Оларды бір күн көрмесем сағынып қаламын.

Қазақ халқында: «Балаңды бес жасқа дейін патшандай күт, бес жастан он бес жасқа дейін құлындай жұмса, он бес жастан асқасын досындай сырлас» — деген тамаша сөз бар. Бұл — мағынасы терең философиялық өмір шындығы. Шынында да, тәрбие сәби дүниеге шыр етіп келген алғашқы сәттен басталуы керек. Адам мінезі бес жасқа дейінгі кезеңде қалыптасады деседі. Ендеше, жас сәбиді алғашқы күннен бастап тәрбиелеу керек. Әрине, баланың тәрбиесі отбасынан басталады. Дегенмен, тәрбие ретінде балабақшаның да алатын орны ерекше.

«Балабақша — тәрбиенің алтын бесігі»

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» — деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата — анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс — тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт — дәстүр, мақал — мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата — ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды. Мысалы «Шалқан» ертегісін тыңдап болған соң, балалар шалқанды көптің көмегімен жұлып алғанын білді. Ал, «Ақмышым» ертегісін тыңдап болып, кішкентай бүлдіршіндер қамқорлық, мейірімділік сезімдерімен танысты.

Адамгершілік дүниесіндегі ұрпақтан — ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, мақал — мәтелдер болып келеді. Сәбилер «бесік жырын» тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдімен, өзінің



туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал — мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. «Үлкенге – құрмет, кішіге — ізет» деген мақал – мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз.

Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Өз – өзіне қызмет ету;

— Кішкентай топтарда балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір — біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтуға баулу. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым — қатынастарын қалыптастыру. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

— Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетіне қажет ермек саз, тақтайша, қылқалам т. б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді. Ұжым болып жұмыс жасай білуі, ұқыптылық, ізденімпаздық, аяушылық, қамқорлық, сезімдерін бойына сіңіруі аса маңызды.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата — ана мен ұстаздардың басты міндеті. Кішкентай бүлдіршіндеріміздің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, өз — өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу күнделікті балабақша өмірінде, тәрбиешінің жұмыс күнін ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде қамтылады. Тәрбиешінің тәртібі, іс — қимылы, балалармен, үлкендермен қарым — қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп, бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар, ұжымдық қарым — қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата — анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насихаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну қатынасында алады. Адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады. Адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетіні анық. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» бекер айтпаған. Дана, ойшыл Абай атамыз бұл туралы былай деген: «балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата — анасынан, екінші – ұстазынан, үшінші – құрбысынан».

Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар көзі – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет — ғұрпында. Әр адам



адамгершілікті күнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла, жолын кеспе» деген ұлағатты, тыйым сөздердің мәні зор. Бала бойына кішіпейілділік, сыпайылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық!

Тәрбиенің алтын бесігі – балабақшамыздағы сәбилерімізді адам баласына тән асыл қасиеттерге, адамгершілікке тәрбиелеуден жалықпайық!



Тасимова Ару Болатовна

"Балауса" бөбекжайының тәрбиешісі

Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Ақбұлақ ауылы

«Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы»

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жанарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.



Жаңа заман баласы – ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары. Осы уақытқа дейін тәрбиеші ретінде балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беруде жанартылған педагогикалық технологияларды кеңінен қолдануға тырысамын. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оза оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиешілердің ұстанымы ауысқан: ол балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы. Мұндай оқыту баланың интеллектуалды қабілеттілігін айтарлықтай шамада анықтайды, балаларға мінезін қалыптастыруға, байланыс тілді, логикалық ойлауды, дүниетанымды дамытуға, сыни ойлауды қалыптастыруға және жеке мүмкіндіктерді беретін дамытушы орта құруға мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан-жақты дами бастайды. Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан-жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту өзімнің басты мақсаттарымның бірі екенін қуана айта аламын.





Сагитова Ильнура Фаритовна
заместитель директора по воспитательной работе
КТУ «ОШ №7» города Уральска
Западно-Казахстанской области

«Роль классного руководителя в воспитании и развитии детского коллектива»

Наши дети – это наша старость. Правильное воспитание - это наша счастливая старость, плохое воспитание – это наше будущее горе, это наши слёзы, это наша вина перед другими людьми, перед всей страной.

А.С.Макаренко

Одна из основных задач современной школы – создание благоприятных условий для всестороннего развития личности, для раскрытия её способностей, формирования творческого мышления.

Деятельность современного классного руководителя является важнейшим звеном в воспитательной системе учебного заведения, основным механизмом реализации индивидуального подхода к воспитанникам. Обусловлена она современной задачей, которую ставят перед учебным заведением мировое сообщество, государство, родители – максимальное развитие каждого ребенка, сохранение его неповторимости, раскрытие его талантов и создание условий для нормального духовного, умственного, физического совершенства.

Каким должен быть современный классный руководитель? Какова его роль в современном воспитательном процессе?

На мой взгляд – настоящий классный руководитель – это мудрый воспитатель, который умеет видеть в каждом своем воспитаннике личность неповторимую, уникальную; который глубоко изучает каждого учащегося на основе педагогической диагностики, гармонизирует отношения с ним, способствует формированию детского коллектива, базируясь на личностно-ориентированном подходе.

Но вместе с тем важны и профессиональные качества: образованность, общий кругозор, эрудиция.

Деятельность современного классного руководителя в первую очередь направлена на работу с обучающимися своего класса. Он формирует мотивацию к учению каждого отдельного ребенка, изучая его возрастные и индивидуальные особенности для развития и стимулирования познавательных интересов.

Особое место в деятельности классного руководителя занимает классный час – форма организации процесса непосредственного общения педагога и воспитанников, в ходе которого могут подниматься и решаться важные моральные, нравственные и этические проблемы.

Воспитание – целенаправленная деятельность, призванная формировать у детей систему качеств личности, взглядов и убеждений.



И всегда именно классному руководителю принадлежала ведущая роль в формировании и становлении личности ребенка, раскрытии его самобытности, способностей и потенциальных возможностей.

Поэтому классный час — одна из важнейших форм организации воспитательной работы с учащимися. Это время, когда по-настоящему в неформальной обстановке можно что-то сотворить, создать, узнать и обсудить. Это не урок, но и не пустая трата времени. Это классный праздник, на успех которого должен работать каждый.

В соответствии со своими функциями классный руководитель осуществляет отбор форм работы с учащимися. Все их многообразие можно классифицировать по разным основаниям: по видам деятельности; по способу влияния педагога; по времени проведения; по времени подготовки; по субъекту организации; по результату; по числу участников - индивидуальные, групповые, массовые.

Индивидуальные формы, как правило, связаны с внеурочной деятельностью, общением классных руководителей и детей. Использование индивидуальных форм работы предполагает решение классным руководителем важнейшей задачи: разгадать ученика, открыть его таланты, обнаружить все ценное, что присуще его характеру, устремлениям, и все, что мешает ему проявить себя.

К групповым формам работы можно отнести советы дел, творческие группы, органы самоуправления, микрокружки. В этих формах классный руководитель проявляет себя как рядовой участник либо как организатор. Главная его задача, с одной стороны, помочь каждому проявить себя, а с другой — создать условия для получения в группе ощутимого положительного результата, значимого для всех членов коллектива, других людей.

К коллективным формам работы классного руководителя со школьниками относятся, прежде всего, различные дела, конкурсы, спектакли, концерты, выступления агитбригад, походы, спортивные соревнования и др. В этих формах классные руководители могут выполнять различную роль: ведущего участника, организатора; рядового участника деятельности, воздействующего на детей личным примером; участника-новичка, воздействующего на школьников личным примером овладения опытом более знающих людей и т.д.

Современный классный руководитель в своей деятельности применяет не только известные формы воспитательной работы, а также в свою практику включает и новые формы работы с ученическим коллективом, например:

Публичная лекция – лекция, насыщенная яркой информацией с необычными примерами, фактами, позволяющая «высветить» отношение к рассматриваемую явление или событию.

Открытый микрофон – ученикам предлагается обсудить события общественной жизни.

«Сократовская беседа» – поиск истины, обсуждение поставленной проблемы с разных сторон с поочередным решением дополнительных вопросов.

Философский стол – обсуждение жизненных ситуаций воспитанниками философской позиции.

Дискуссионные качели по предложенной теме – беседы с чередованием суждений ведут две группы учеников.



Разговор при свечах – беседа на темы интимно-личностного общения или этического содержания жизненных ценностей.

Классный руководитель проектирует воспитательную систему класса вместе с детьми с учетом их интересов, способностей, пожеланий, взаимодействует с родителями, учитывает этнокультурные условия среды.


Таким образом, для успешного решения вопросов обучения, воспитания и развития личности ребенка необходимо активное взаимодействие всех участников образовательного процесса.

Ребенок – горящий факел! Это то живое пламя, горючим материалом которого является тесная дружба, единая воля, отличное взаимопонимание, деловое сотрудничество, сотоварищество, содружество. И регулирует это пламя классный руководитель. От него зависит

потухнет факел или будет гореть все ярче и ярче. И главная роль классного руководителя – поддерживать «огонь» в каждом ребенке.

Воспитательная работа, которая ведется у нас в школе, а именно: комплекс общешкольных мероприятий в сочетании с классными часами дает хороший результат. Класс сплавляется, становится дружнее, дети становятся инициативными, раскрываются, проявляют свои творческие натуры, раскрепощаются.

И закончить мне бы хотелось словами А.А. Захаренко: «Школа – не здание, не кабинеты, не образцовая наглядная агитация. Школа – это возвышенный дух, мечта, идея, которые увлекают сразу троих – ребенка, учителя, родителя – и тут же реализуются. Если их нет, значит то не школа, а обычная бухгалтерия, где приходят и уходят по звонку, зарабатывают – кто деньги, кто оценки и считают дни до отпуска и минуты до очередного звонка... Учитель призван реализовывать мечты детей...»



Бекенова Айман Нұрашевна

*Каспий технологиялар және инжиниринг университеті Ш. Есенов атындағы
"Машина жасау" кафедрасының профессор ассистенті*

Мамандық таңдау-маңызды іс

Мамандық - адамға қойылатын талаптардың мөлшерімен сипатталатын еңбек қызметінің белгілі бір түрі.

Белгілі бір кәсіпті игеріп, кейін табысты жұмыс істеу үшін адамда осы мамандықтың жұмысшы тұлғасына қоятын талаптарға сай келетін нақты қасиеттері болуы керек. Сондықтан мамандық таңдауда осы талаптарды білу өте маңызды.

Егер мамандықтың жұмысшыға қоятын талаптары оның жеке қасиеттерімен және мүмкіндіктерімен сәйкес келсе, онда олар кәсіби жарамдылық туралы айтады. Мамандыққа жарамдылық мамандықты меңгерудің табыстылығы және адамның өз жұмысына қанағаттануы сияқты көрсеткіштермен сипатталады.

Машина жасау - мамандықтарының сипаттамасы

Машина жасау – ауыр өнеркәсіп кешені. Машина жасаудың бірнеше негізгі бағыттары бар: станок жасау, автомобиль өнеркәсібі, авиация өнеркәсібі, ғарыштық машина жасау, кеме жасау, тау-кен байыту жабдықтарын жасау және өндіру, жүк көтергіш және көлік машиналары мен механизмдері.

Металлургия, тау-кен және өңдеу өнеркәсібімен қатар машина жасау кез келген мемлекеттің қуаты мен қорғанысының негізі болып табылады.

Қазіргі заман мамандығы

Іс жүзінде «инженерлік технология» мамандығы бойынша әртүрлі профильдегі инженер-технологтар дайындалады. Кіммен жұмыс істеуге болатынын таңдау өте үлкен: мұнай, авиация, теміржол, кеме жасау және басқа салалардағы конструкторлар, сандық бағдарламалық басқаруы (СББ) бар станоктар мен жабдықтардың операторлары, машина жасау, металлургия, зымыран саласындағы механиктер. және ғарыш кәсіпорындары, т.б.

Жалпы, сфераның өзі 3 үлкен блокқа бөлінген - бұл машина жасау:

1. Еңбекті көп қажет ететін, мұнда аспаптар, машиналар, станоктар, ауылшаруашылық машиналары мен аппараттары, автомобильдер, ұшақтар, истребительдер және т.б. жасалады. Еңбекті көп қажет ететін салалардың айрықша белгісі – білікті әрі білімді жұмыскерлердің болуына тәуелділігі. Сондықтан әдетте мұндай кешендер халқы көп шоғырланған ірі қалаларда орналасады (ҚР Алматы, Қарағанды, Теміртау, Өскемен,).

2. Металлдарды көп қажет ететін және ауыр өнеркәсіп өндірісіне қызмет ететін (металлургиялық, энергетикалық, тау-кен өнеркәсібі және т.б.) металл сыйымдылығы. Мұнда мамандар металлургиягерге, кеншілерге, темір ұсталарына, мұнайшыларға құрал-саймандарды дайындайды, сонымен қатар ірі габаритті күрделі автоматты құрылымдарды: элеваторларды, жүк көтергіш мұнараларды, крандар, конвейерлер, ауыр экскаваторларды әзірлейді.



3. Озық ғылымның жетістіктеріне сүйенуді қажет ететін ғылым. Мұндай ғылым саласындағы инженерлер сөзбе-сөз алдыңғы қатарда, өйткені олардың міндеттеріне инновациялық электр, ядролық және ғарыштық өнімдерді шығару кіреді.

Әр адамның өзіндік қабілеті бар. Қызметкердің белгілі бір мамандықтың талаптарына қаншалықты сәйкес келетіндігі бойынша оның кәсіби жарамдылығы әр кез бағаланады.

Кәсіби жарамдылықтың ең жоғары деңгейі адамның таңдаған іс-әрекетіне қажетті белгілі бір қасиеттердің айқын белгілерінің болуын білдіреді. Содан кейін ғана олардың жұмысқа қабылдана алуы туралы сөйлеседі.

Адамның таңдаған іс-әрекетіне қажетті қабілеттері болмаған жағдайда, ол екі жолдың біріне таңдай алады: не өз таңдауынан бас тартып, басқа іске көңіл аударады, немесе адам психикасының еерекше қасиетін еске алған жөн – теңдестіру (компенсация).

Кәсіби жарамдылық – қалыптасқан қасиет және оны дамыту және тиімді қолдану адамның өз қолында.

Мамандық таңдаған әрбір адам үшін өзін түрлі істе сынап көру және өз қабілеттерін анықтап, оны дамытуды үйрену әр кезде де биік белестерге жетелейді.

